

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволары, аумақтық органдары туралы ережелерді және оқу орындарының жарлықтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 662 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 13 қазанда № 9792 тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2024 № 446 бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 25) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 124-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2024 № 446 бұйрығымен.**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы туралы ереже осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті туралы ереже осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

**3) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.**

4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті туралы ереже осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

4-1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті туралы ереже осы бұйрыққа 4-1-қосымшаға сәйкес;

4-2) осы бұйрыққа 4-2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті туралы ереже;

5) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

5-1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Абай облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 5-1-қосымшаға сәйкес

6) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

- 9) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;
- 10) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;
- 11) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;
- 12) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;
- 12-1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жетісу облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 12-1-қосымшаға сәйкес;
- 13) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;
- 14) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес;
- 15) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес;
- 16) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес;
- 17) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес;
- 18) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес;
- 19) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес;
- 19-1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ұлытау облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 19-1-қосымшаға сәйкес;
- 20) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес;
- 21) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көліктегі полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес;
- 22) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес;
- 22-1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 22-1-қосымшаға сәйкес;
- 23) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес;

24) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес;

25) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы облысы бойынша және Жетісу облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес;

26) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Атырау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес;

27) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес;

28) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес;

29) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес;

30) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қарағанды облысы бойынша және Ұлытау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес;

31) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қостанай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес;

32) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес;

33) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес;

34) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Павлодар облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес;

35) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес;

36) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес;

37) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

38) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.;

39) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

40) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

41) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

42) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

43) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

44) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

45) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

46) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

47) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

48) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

49) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

50) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

51) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

52) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

53) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес;

54) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Түркістан облысының Полиция департаменті туралы ереже осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес;

54-1) осы бұйрыққа 54-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы ;

55) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 24.01.2022 № 18 бұйрығымен.

56) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Малкеджар Бөкенбаев атындағы Ақтөбе институты" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы Оқу орталығы (Шымкент қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Оқу орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.10.2018 № 721; 24.06.2019 № 574; өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2019 № 823 ; 26.11.2020 № 805; 24.01.2022 № 18; 25.07.2022 № 619; 02.06.2023 № 443; 29.05.2024 № 446; 24.10.2024 № 851; 22.11.2024 № 924 бұйрықтарымен.**

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары және облыстардың, Астана, Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында көрсетілген Ережелерді қайта тіркеу бойынша шаралар қабылдасын;

2) көрсетілген Ережелерді жеке құрамның зерделеуін ұйымдастырсын және оларды практикалық қызметте басшылыққа алуды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

3. ПМ Кадр жұмысы департаменті (А.Ү. Әбдіғалиев) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-майоры М.Ғ. Демеуовке, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі (Б.М. Бердалин) және Төтенше жағдайлар (В.В. Петров) комитеттеріне, Кадр жұмысы департаментіне (А.Ү. Әбдіғалиев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*  
*полиция генерал-лейтенанты*

*Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы туралы ереже**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.10.2018 № 721 бұйрығымен.**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы (бұдан әрі - Бас қолбасшылық), Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланға бейбіт және соғыс уақытында әскери басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) Комитет құқығындағы ведомствосы болып табылады.

Бас қолбасшылық Ұлттық ұланды әскери басқарудың жедел-стратегиялық органы болып табылады және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы басқарады.

2. Бас қолбасшылық өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бас қолбасшылық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бас қолбасшылық азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бас қолбасшылық егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бас қолбасшылық өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрықтарымен ресімделетін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бас қолбасшылықтың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Бас қолбасшылықтың орналасқан жері: индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Әліби Жангелдин көшесі, 2-үй.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 02.06.2023 № 443 бұйрығымен.**

9. Бас қолбасшылықтың толық атауы - "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Бас қолбасшылықтың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бас қолбасшылықтың қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бас қолбасшылыққа кәсіпкерлік субъектілерімен Бас қолбасшылықтың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бас қолбасшылық заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Бас қолбасшылықтың негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2020 № 416 бұйрығымен.**

### 13. Міндеттері:

- 1) әскерлерді тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінде ұстап тұру;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның құрылысы және дамуы жоспарларын әзірлеу және іске асыру, олардың ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіру;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік қызметін ұйымдастыру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Бас қолбасшылығына жүктелген басқа да міндеттерді шешу.

### 14. Функциялары:

- 1) жедел-стратегиялық жоспарлауды, Ұлттық ұланның қолданылуын және қызметтік-жауынгерлік және күнделікті іс-әрекетін басқаруды жүзеге асыру;
- 2) әскердің жеке құрамын, олардың штаттық және тізімдік санын есепке алуды, оның жай-күйін ұдайы бақылауды жүзеге асыруды және штаттық тәртіпті сақтауды жүзеге асыру;
- 3) байланыс жүйесін техникалық қамтамасыз етуді, жаңа телекоммуникациялық жабдықты пайдалануға енгізуді жүзеге асыру;
- 4) басқару пункттеріндегі байланыс техникасы мен әскерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін өрістетуді және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларға басшылық етуді жүзеге асыру;
- 5) Ұлттық ұланда заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналдың әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету;
- 6) Ұлттық ұланды құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, Ұлттық ұланның мүдделерін сотта, өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды үйлестіреді және қамтамасыз ету;
- 7) Ұлттық ұлан үшін, оның ішінде шетелде халықаралық шарттар негізінде кадрлар даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыру;
- 8) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы кадрларын іріктеу, бөлу, оларды республика аумағында орналасқан жоғары оқу орындарында, сондай-ақ шартты негізде басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің, әскери қызметтен босатылған азаматтардың және олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған профилактикалық, емдеу, сауықтыру және оналту іс-шаралары кешенін жүзеге асыру;

10) Ұлттық ұланның әскерлерін инспекциялауды жүзеге асыру;

11) Ұлттық ұланның жедел-қызметтік, жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін сақтау, Ұлттық ұланды жауынгерлік және жан-жақты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

12) Ұлттық ұланның Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен, басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

13) шешімдерді уақтылы ресімдеу, өңірлік қолбасшылықтарды, құрамалар мен әскери бөлімдерді жедел қолдануды жоспарлау, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастыру;

14) қоғамдық тәртіпті сақтауды, маңызды мемлекеттік объектілерді, арнайы жүктерді, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзетуді және оларда қадағалауды жүзеге асыруды, сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүруді ұйымдастыру;

15) Ұлттық ұланның мерзімді қызмет, келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақталуын және азаматтық персоналды қабылдауды ұйымдастыру және өткізу;

16) мемлекеттік сатып алу туралы заңнама шеңберінде тартылған еңбекті нормалау жөніндегі мамандармен өзара іс-қимыл жасасуды, басқарудың барлық деңгейінде сеніп тапсырылған бөліністердің әскери қызметшілері мен азаматтық персонал адамдарының ғылыми негізделген жүктеме нормативтерін әзірлеу үшін талап етілетін материалдар мен мәліметтерді дайындауды және оларды ұсынуды қамтамасыз ету, олардың объективтілігін және практикада қолдану мүмкіндігін қоса алғанда, әзірленген жүктеме нормативтерінің сапасына жауапкершілікте болуды ұйымдастыру;

17) әскери қызметшілер мен жеке құрамның моральдық-психологиялық және жауынгерлік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік қызметін моральдық-психологиялық қамтамасыз ету және әскери қызмет қауіпсіздігінің қажетті жағдайларын қамтамасыз ету бойынша тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастыру;

18) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Ұлттық ұланға қатысты бөлігінде іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын ұйымдастыру;

19) Ұлттық ұланды қару-жарақтың, әскери техниканың қажетті түрлерімен, оқ-дәрілермен және басқа да материалдық құралдармен қамтамасыз етуді ағымдағы және перспективалық жоспарлауды, оларды пайдалануды, олардың сақталуын, есепке алынуын, есептен шығарылуын және кәдеге жаратылуын ұйымдастыру, сондай-ақ



бейбіт уақытта Ұлттық ұланды жұмылдыра өрістету үшін осы құралдар запасының жинақталуы мен орналастырылуын жоспарлау;

20) медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру және Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының өңірлік қолбасшылықтары, құралымдары, әскери бөлімдері және әскери-оқу орындары орналасқан жерлердегі санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қадағалауды жүзеге асыру;

21) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін жайластыруды, Ұлттық ұлан объектілерінің күрделі құрылысын ұйымдастыру;

22) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуде көмек көрсету жөніндегі шараларды әзірлеу;

23) Ұлттық ұланның құрылысы және оны дамыту, оның ұйымдастырушылық-штаттық құрылымын жетілдіру жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

24) әскерді жоғары деңгейдегі жедел-қызметтік, жауынгерлік және жұмылдыру бойынша әзірлікке келтіру жоспарларын, әскерді табиғи және техногендік сипаттағы төтенше және дағдарыс жағдайлар туындаған кезде жедел қолдану жоспарларын, әскерді соғыс уақытында қолдану жоспарларын әзірлеу және уақытылы нақтылау;

25) байланыс жүйесін жетілдіру, соның ішінде оның жаңа технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

26) әскерді басқару жөніндегі үлгілік автоматтандырылған міндеттер кешендерін әзірлеу, бағдарламалық-математикалық, ақпараттық және технологиялық қамтамасыз ету, оларды енгізуді және сүйемелдеуді ұйымдастыру;

27) құжаттармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін жетілдіру, орындаушылық тәртіпті арттыру бойынша шаралар қабылдау;

28) төменгі бөліністердің үлгі ережелерін және әскери қызметшілері мен азаматтық персоналының үлгі лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу. Төменгі бөліністердегі тиісті ережелердің және лауазымдық нұсқаулықтардың әзірленуін және бекітілуін, сондай-ақ оларды әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарының зерделеуін бақылауды жүзеге асыру;

29) мыналарды:

Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы туралы ережені;

Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының, жоғары әскери оқу орнының штатын, әскери қызметшілер жүктемесінің нормативтерін, штаттық нормативтерді, Ұлттық ұландағы лауазымдар номенклатурасын;

Ұлттық ұланның міндеттерін орындау жөніндегі нұсқаулықты;

Ұлттық ұланның әскери-дәрігерлік комиссиясы туралы ережені;

Ұлттық ұланның кадрларын даярлауды жүзеге асыратын жоғары әскери оқу орнына қабылдау қағидаларын;

Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларын;

Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне сыныптық біліктілік беру, оны жоғарылату, растау, төмендету және алу тәртібін;

Ұлттық ұланда әскери қызмет өткеру нұсқаулығын;

Ұлттық ұланда әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу жөніндегі қағидаларды;

Жедел-қызметтік және жауынгерлік әзірлікті жоғары деңгейге келтіру қағидаларды;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының штабтар қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағидалар

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының авиациясын қоғамдық тәртіпті сақтауда және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қолдану қағидалары;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әуе-десант дайындығы қағидалары;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы және әскери тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерін (бөліністерін) қызметтік-жауынгерлік қолдану жөніндегі нұсқаулық;

теңбіл беретті және теңбіл түсті тельняшканы кию құқығына біліктілік сынақтарын жүргізу жөніндегі нұсқаулық.

Штабтар қызметі жөніндегі нұсқаулықты;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің заңдарымен, актілерімен және Ішкі істер министрінің актілерінде көзделген өзге де да құқықтық актілерді әзірлеу;

30) Ұлттық ұланның құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану жоспарын, Қазақстан Республикасын қаруландырудың, қорғаныс-өнеркәсібі кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге, аумақтық қорғаныс міндеттерін жоспарлауға және орындауға қатысу;

31) Ұлттық ұланның құзыреті шегінде мемлекеттік нысаналы бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысу;

32) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органымен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен төтенше жағдаларды жою кезінде өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастыру;

33) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу;

34) Ұлттық ұланның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға қатысу;

35) өз құзыреті шегінде Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеті мәселелері бойынша ведомстволық құқықтық актілер шығару және олардың орындалуын бақылау;

36) қарулы қақтығыстар, төтенше жағдайлар кезінде қызметтік-жауынгерлік міндеттерді, сондай-ақ төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге, терроризмге қарсы

күреске қатысуға және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді орындайтын Ұлттық ұланды басқаруды қамтамасыз ету;

37) Ұлттық ұланның қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің нәтижелерін қорыту және талдау;

38) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ұлттық ұлан бөлімдерінің күзетуіне жататын маңызды мемлекеттік объектілер мен коммуникациялардың, арнайы жүктердің тізбесін айқындау бойынша ұсыныстар енгізу;

39) Ұлттық ұланның бөлінген құралдарын бөлу, оларды қолданысқа енгізуін және бұдан әрі пайдаланылуын қамтамасыз ету;

40) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілерін және азаматтық персоналын немесе өзімен еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге адамдарды кәсіптік-лауазымдық даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүргізу;

41) қылмыстық құқық бұзушылықтар профилактикасы, олардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, құзырет шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеуді және өндірісті жүзеге асыру, жедел-іздігі кызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру, анықтау, тергеу, сот органдарынан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімдер орналасқан жерін өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіру;

42) төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету және төтенше жағдайларды жою үшін, сондай-ақ заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күреске Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының күштерін тарту. Қақтығыс аудандарын оқшаулау және тосқауыл қоюға қатысу, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, террористік актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу, заңсыз қарулы құралымдарды қарусыздандыру және жою, қақтығыс ауданында және іргелес аудандарда халықтан қаруды алып қою, қақтығыс ауданында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау;

43) ғылыми негізделген нормативтерге сәйкес басқарудың барлық деңгейінде сеніп тапсырылған бөліністердің әскери қызметшілері мен азаматтық персонал адамдарының нақты жүктемесіне талдау жүргізу, оның негізінде олардың нормативтік штаттық санын айқындау және оны қайта бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

44) мемлекеттік құпиясы бар мәліметтерді қорғауды және құпиялылық режимін сақтауды ведомстволық бақылауды қамтамасыз ету;

45) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;

46) техникалық барлауға қарсы іс-қимыл бойынша практикалық (режимдік) іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізу;

47) Ұлттық ұланның шифрлау жұмысын ұйымдастыру;

48) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және Ішкі істер министрінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2020 № 416 ; 14.10.2021 № 627 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

15. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді шығару ;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұрату және алу;
- 3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Бас қолбасшылықтың қызметін ұйымдастыру**

16. Бас қолбасшылыққа басшылықты Бас қолбасшылыққа жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы (бұдан әрі - Бас қолбасшы) жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.10.2021 № 627 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Бас қолбасшыны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Бас қолбасшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Бас қолбасшының өкілеттері:

- 1) Ұлттық ұланның ұдайы жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін сақтайды;
- 2) әскерлердің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетіне, жедел және жауынгерлік даярлығына, озық тәжірибені енгізуге, материалдық базаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға басшылық жасайды;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскерлерді мерзімді қызметтегі, келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтау, олардың запасқа шығарылуын ұйымдастыру жоспарларын бекітеді;
- 4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар, директивалар және өзге де құқықтық актілер шығарады;
- 5) мыналарды:  
Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының құрылымдық бөлімшелері туралы ережені;

белгіленген адам саны шегінде Ұлттық ұланның әскери басқару органдарының, құрамаларының, әскери бөлімдері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Әскери институтының құрылымдары мен штаттарын;

"Бүркіт" арнайы мақсаттағы бөлімшелер орталығы мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы мақсаттағы бөлімшелерін жауынгерлік және әдістемелік даярлау орталығы туралы ережені;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Әскери институты офицерлерінің біліктілігін арттыру факультеті туралы ережені;

Ұлттық ұланды медициналық қамтамасыз ету, санитарлық эпидемиологиялық қадағалау және әскери-медициналық бөліністер туралы ережені;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ" кеуде белгісі туралы ережені;

"Күрең берет" орталық және өңірлік кеңестері туралы ережені;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы мақсаттағы бөлімшелерін жауынгерлік және әдістемелік даярлау орталығында курстық даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды, қайта даярлауды, оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты;

арнайы мақсаттағы әскери бөлімдердің (бөліністердің) әскери қызметшілерін курстық даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау бағдарламасын;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілерін әуе-десанттық даярлау бағдарламасын;

арнайы мақсаттағы әскери бөлімдердің (бөліністердің) әскери қызметшілерін сүңгуірлік даярлау бағдарламасын;

"Бүркіт" арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерінің (бөлімшелерінің) әскери қызметшілерін сүңгірлік даярлау бағдарламасын бекіту;

6) қарулы жанжалдар, төтенше жағдайлар кезінде күштер мен құралдардың құрамын, сондай-ақ төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге, терроризмге қарсы күреске қатысуға және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді айқындайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне және азаматтық персоналына тәртіптік жазалар қолданады;

8) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін және азаматтық персоналын көтермелейді, оның ішінде ведомстволық наградалармен наградтайды;

9) Ұлттық ұланды қару-жарағына әскери және өзге де техника мен басқа да мүлікті қабылдап алуды қамтамасыз етеді, жарамсыз күйге жеткен немесе жоғалған материалдық құндылықтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есептен шығарады;

10) өзінің орынбасарларына, Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтары

әскерлерінің қолбасшыларына, құрамаларының және әскери бөлімдерінің командирлеріне, жоғары әскери оқу орнының бастығына өкілеттіктер береді;

11) Ұлттық ұланда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырады;

12) Ішкі істер министріне Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасарларын, Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтары әскерлерінің қолбасшылары мен олардың орынбасарларын, Ұлттық ұланның жоғары әскери оқу орнының бастығын, Ұлттық ұлан құрамаларының командирлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұсыныстар енгізеді;

13) мемлекеттік органдарда және халықаралық ұйымдарда Ұлттық ұланның атынан өкілдік етеді;

14) полковник әскери атағын беру үшін офицерлерді Ішкі істер министріне ұсынады ;

15) Ішкі істер министріне әскери қызметшілерге жоғары әскери атақтар беру туралы өтініш білдіреді;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық ұланның келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің әскери қызмет өткеру, әскери қызметшілерді ротациялау мәселелерін шешеді, лауазымдарға тағайындайды, лауазымдардан босатады , подполковникті қоса алғанға дейінгі және атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір саты жоғары кезекті әскери атақтарды, оның ішінде мерзімінен бұрын береді, Ішкі істер министріне офицерлік құрамның әскери атақтарын төмендету бойынша ұсынымдар енгізеді, подполковникті қоса алғанға дейінгілерді запасқа немесе отставкаға шығарады;

17) Ішкі істер министріне Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің және азаматтық персонал адамдарының кандидатураларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынады;

18) өңірлік қолбасшылықтар қолбасшыларының, құрама, бөлім командирлерінің және Әскери институт бастығының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

19) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен арыздарды қарайды, олар бойынша шешімдер қабылдайды, тәртіп пен заңдылықты бұзушылық фактілері бойынша қызметтік тергеулер тағайындайды;

20) Бас қолбасшылықтың әскери қызметшілерін белгіленген тәртіпте қызметтік іссапарларға, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жібереді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2020 № 416 бұйрығымен.**

20. Бас қолбасшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Бас қолбасшылықтың мүлкі**

21. Бас қолбасшылықтың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бас қолбасшылықтың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бас қолбасшылыққа бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе Бас қолбасшылықтың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Бас қолбасшылықты қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Бас қолбасшылықты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
2-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті туралы ереже**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (бұдан әрі – Комитет) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитетке егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте Комитет төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.10.2018 № 721 бұйрығымен.**

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Бейімбет Майлин көшесі, 2-үй.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 02.06.2023 № 443 бұйрығымен.**

9. Комитеттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері**

13. Міндеттері:

1) жазаларды өтеу және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау тәртібі мен шарттарын реттеу;

2) сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, күдіктілердің, айыпталушылардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;

2-1) қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдар арасында тәрбие жұмысын, сонымен қатар психологиялық-педагогиялық әдістерді қолдана отырып ұйымдастыру;

**3) Алынып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.



Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010; 11.03.2024 № 220 бұйрықтарымен.

14. Функциялары:

1) соттардың үкімдеріне, қаулыларына және ұйғарымдарына сәйкес сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне орналастыруды ұйымдастырады;

2) күзеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылатын объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) сотталғандарды босатылуға дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыруды, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындауды, сотталғандардың түзелу қорытындыларын бекіту бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының басқа құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасуды, олардың тұрмыстық және жұмыспен қамтамасыз етеді;

4) жазаны орындайтын органдар мен мекемелердің қызметіне ведомстволық бақылауды жүзеге асырады;

5) сотталғандардың жалпы және кәсіптік білім алуын ұйымдастырады;

6) сотталғандардың еңбекпен қамтылуын ұйымдастырады;

7) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

8) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырады;

9) қылмыстардың анықталуын, жолын кесуді, алдын-алуды және ашылуын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

10) сотталғандарға қатысты сот үкімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын орындайды;

11) Қазақстан Республикасы азаматтарының, қылмыстық-атқару жүйесі органдарында және мекемелерінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өтініштерді қарайды, оларды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

12) Комитеттің жұмыс бағыты бойынша ақпараттық және ақпараттық-талдау жүйесін құрады, пайдаланады және жетілдіреді;

13) мемлекеттік құпияларды қорғауды, қылмыстық-атқару жүйесіндегі құпиялылық режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

14) аумақтық бөліністердің үлгі ережелерін және қызметкерлері мен жұмыскерлерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді. Аумақтық бөліністердегі тиісті ережелердің және лауазымдық нұсқаулықтардың әзірленуін және бекітілуін, сондай-ақ оларды қызметкерлер мен жұмыскерлердің зерделеуін бақылауды жүзеге асырады;

15) мемлекеттік сатып алу туралы заңнама шеңберінде тартылған еңбекті нормалау жөніндегі мамандармен өзара іс-қимыл жасасады, басқарудың барлық деңгейінде сеніп тапсырылған бөліністердің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің ғылыми-негізделген жүктеме нормативтерін әзірлеу үшін талап етілетін материалдар мен мәліметтерді дайындауды және оларды ұсынуды қамтамасыз етеді, әзірленген жүктеме нормативтерінің сапасына, сондай-ақ олардың негізділігіне және практикада қолдану мүмкіндігіне жауап береді;

16) ғылыми-негізделген нормативтерге сәйкес басқарудың барлық деңгейінде сеніп тапсырылған бөліністердің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің нақты жүктемесіне талдау жүргізеді, оның негізінде олардың нормативтік штаттық санын анықтайды және оны қайта бөлу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

17) өз құзыреті шегінде қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы Қазақстан Республикасы құқықтық актілерінің жобаларын әзірлейді, бекітеді және келіседі.

18) Комитеттің мүдделерін соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды үйлестіреді және қамтамасыз етеді.

19) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне мониторинг жүргізуді тұрақты негізде үйлестіреді.

20) Комитеттің қарамағындағы мемлекеттік мекемелері және ұйымдары, аумақтық бөліністерінің қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

21) пробацацияны жүзеге асыратын субъектілердің өзара іс-қимылын жасасуын қамтамасыз етеді.

22) пробацация қызметтерінің жұмысын үйлестіреді.

**23) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 24.01.2022 № 18 бұйрығымен.**

24) ҚАЖ мекемелерінде режим, қадағалау, күзет және өткізу режимінің қамтамасыз етілуіне бақылауды жүзеге асыруды ұйымдастырады;

25) сотталғандар арасында теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастырады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 ; 24.01.2022 № 18; 11.03.2024 № 220 бұйрықтарымен.**

15. Құқықтары мен міндеттемелері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттар сұратуға және алуға және сәйкес жауап ұсыну;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу мен жетілдіру бойынша ұсынымдар енгізу;

3) Ішкі істер министріне қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу туралы ұсыныстар енгізу;

4) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін, аумақтық бөліністері мен ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, қайта орналастыру және тарату туралы ұсыныстар әзірлеу;

5) кеңестер, семинарлар, конференциялар, оның ішінде халықаралық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

6) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

7) әкімшілік мемлекеттік лауазымдарды атқаруға конкурстар жариялау;

8) заңнамаға сәйкес консультативтің-кеңес органдарын құру;

9) Комитетті және оның аумақтық бөліністерін, сондай-ақ мекемелер мен кәсіпорындарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

10) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар оларға берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олар құпиялаған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету.

### **3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру**

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын төраға жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) өзінің орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөліністері, сондай-ақ аумақтық бөліністері, Комитеттің қарамағындағы мемлекеттік мекемелері және ұйымдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) Комитеттің, оның аумақтық бөліністерінің және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін және жұмыскерлерін заңнамада белгіленген тәртіпте көтермелейді, тәртіптік жаза қолданады;

3) Министрлік басшылығына Комитеттің құрылымы және штаты бойынша ұсыныстар береді;

4) заңнамаға және Министр бекітетін лауазымдар номенклатурасына сәйкес Комитеттің және аумақтық бөліністердің, Комитеттің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың, қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органдарының басшыларын лауазымға тағайындауға және лауазымнан босатуға ұсынады;

6) орта және аға басшы құрамның бірінші арнаулы атақтарын және әділет капитанын қоса алғанға дейінгі кезекті арнаулы атақтарды береді;

7) Комитеттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді бекітеді;

8) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

9) белгіленген тәртіппен Комитеттің, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлерін, мемлекеттік қызметшілерін және жұмыскерлерін қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, мекемелері мен ұйымдарына практикалық көмек көрсету және олардың қызметіне тексеру жүргізу, басқа да қызметтік мәселелерді шешу үшін іссапарларға жібереді;

10) Комитеттің, сондай-ақ аумақтық бөліністердің және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің жеке құрамы арасында тәрбие жұмысын, олардың тәртіпті, заңдылықты және құпиялылық режимін, қызметтік және жауынгерлік дайындығын сақтауын ұйымдастырады;

11) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

12) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және ол үшін дербес жауаптылықта болады;

13) Комитеттің аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарында штаттық тәртіптің сақталуын бақылайды;

14) Комитеттің, оның аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының лимиттік және штаттық санын есепке алуды жүргізеді;

15) Министр бұйрықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлейді;

16) Комитеттің, оның аумақтық органдарының және ведомстволық бағынысты ұйымдарының штаттық саны туралы есептілік құрастыруды бақылайды;

17) Комитеттің және оның құрылымдық бөліністерінің жұмыс жоспарын бекітеді;

18) өз орынбасарларына, Комитеттің құрылымдық бөліністерінің, аумақтық органдарының және ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларына өкілеттіктер береді;

19) заңнамаға сәйкес демалыстар береді;

Комитет төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20) тәртіп пен заңдылықты бұзу фактілері бойынша қызметтік тергеулер жүргізу бойынша шешімдер қабылдайды.

21) Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарына және актілеріне сәйкес оның құзыретіне жататын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитет төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.04.2015 № 409; өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.10.2018 № 721; 24.09.2019 № 823; 25.10.2019 № 1010; 06.09.2023 № 679 бұйрықтарымен.**

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Комитеттің мүлкі**

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **Комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбемен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.10.2018 № 721 бұйрығымен.**

1. Қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2019 № 823 бұйрығымен.**

2. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің "Еңбек-Өскемен" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2020 № 416 бұйрығымен.**

#### **Комитеттің қарамағындағы аумақтық бөліністердің тізбесі**

**Ескерту. Тізбемен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.10.2018 № 721; жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 25.07.2022 № 619; өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 02.06.2023 № 443; 06.09.2023 № 679; 22.08.2024 № 642 бұйрықтарымен.**

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;

2. Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;

3. Ақмола облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
4. Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
- 5) Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті.
6. **Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен.**
7. Атырау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
8. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
9. Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
10. Батыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
11. Қарағанды облысы бойынша және Ұлытау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
12. Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
13. Қостанай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
14. Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
15. Павлодар облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
16. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
17. Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті.
18. Алматы және Жетісу облыстары бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті.

#### **Комитеттің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

**Ескерту. Тізбемен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.10.2018 № 721 бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 25.07.2022 № 619; өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679; 22.08.2024 № 642 бұйрықтарымен.**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 1 мекеме".
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 2 мекеме".
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 3 мекеме".
4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 4 мекеме".
5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 5 мекеме".
6. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 6 мекеме".
7. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 7 мекеме".









65. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 65 мекеме".
66. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 66 мекеме".
67. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 67 мекеме".
68. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 68 мекеме".
69. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 69 мекеме".
70. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 70 мекеме".
71. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 71 мекеме".
72. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 72 мекеме".
73. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 73 мекеме".
74. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 74 мекеме".
75. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 75 мекеме".
76. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 76 мекеме".
77. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 77 мекеме".
78. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 78 мекеме".
79. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті "№ 79 мекеме".
80. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің күзет бөлімі.
81. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орталығы.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
Төтенше жағдайлар комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
Әкімшілік полиция комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қоғамдық тәртіпті сақтау, жол жүрісі қауіпсіздігі, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау және жолын кесу, қылмыстарды ашу, құқық бұзушылықтардың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, өз құзыреті шегінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күре саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік өндірісті жүзеге асыру салаларында басшылық жасауды қамтамасыз ететін ведомство болып табылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитет егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штаттық санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 1-үй.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 02.06.2023 № 443 бұйрығымен.**

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті" мемлекеттік мекемесі.

**10. Алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

**12. Алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, ондай қызметтен келіп түскен пайда мемлекеттік бюджет кірісіне жолданады.

## **2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары**

13. Міндеттері:

- 1) құқық бұзушылық профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 3) жол жүрісін және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттік бақылау және қадағалау;
- 4) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымын мемлекеттік бақылау;
- 5) күзет қызметі саласында мемлекеттік бақылау;
- 6) ішкі істер органдарына ведомстволық бағынысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік өндірістің жағдайын бақылау.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

14. Функциялары:

- 1) құқық бұзушылық профилактикасы бойынша бақылау-әдістемелік және өукімдік функцияларды орындайды, сондай-ақ құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті қамтамасыз етеді;
- 2) құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- 3) әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық қызметті қамтамасыз етеді;
- 4) ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру жұмысының жағдайына бақылауды ұйымдастырады;

5) қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылық профилактикасына, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс-тұрысты құқықтық насихаттауға қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судья талаптарын, прокурордың қаулыларын, ұйғарымдарын және талаптарын, тергеушінің, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындауды бақылайды;

7) өз құзыреті шегінде әкімшілік полиция қызметі бойынша нормативтік- құқықтық актілерін әзірлейді, сондай-ақ әзірлеуге және келісуге қатысады;

8) сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздестіру, ұстау және арнайы медициналық мекемелерге жеткізу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

9) әкімшілік полиция құзыреті кіретін қылмыстарды анықтау, жолын кесу, алдын алу және ашу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

10) әйелдерге және кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық қызметті қамтамасыз етеді;

11) кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналары немесе заңды өкілдеріне қатысты жеке профилактика жағдайына бақылауды ұйымдастырады;

12) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберу немесе кәмелетке толмағандарға қамқоршылықты немесе қорғаншылықты ресімдеуді ұйымдастырады, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізуді бақылайды;

13) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса арнайы мекемелерде ұстау бойынша қызметті ұйымдастырады. Қылмыстық жауапкершілік белгіленетін жасқа жетпеген және қылмыс жасаған, сондай-ақ ұстаудың ерекше режиміндегі білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, қамқоршысына, қорғаншысына және оларды тәрбиелеу бойынша заңмен міндеттер жүктелген өзге адамдарға беріледі;

14) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары және қоғамға қарсы іс-әрекеттері, оған ықпал еткен себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

15) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылыққа, қоғамға қарсы әрекет жасауға тартатын не балаларға қатысты өзге құқыққа қайшы әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісті түрде орындайтын не олардың тәртібіне теріс ықпал ететін ата-аналарын және кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін, педагогтарын, тәрбиешілерін, оқыту, тәрбиелеу және өзге мекеменің кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа қызметкерлерін анықтауды ұйымдастырады және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдайды;

16) кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа да заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына көмек көрсетеді;

17) өз құзыреті шегінде балаларды олардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

18) кәмелетке толмағандарға балалар үшін тыйым салынған ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді таратқан кезде Қазақстан Республикасының балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы заңнамасын сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді;

20) белгіленген тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен хабарламаларын қарайды;

21) күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды күзетуді және айдауылдауды бақылауды ұйымдастырады;

22) қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдіктілер мен айыптаушыларды, белгілі тұрғылықты жері мен құжаттары жоқ адамдарды, әкімшілік қамауға алынғандарды полиция органдарының арнайы мекемелерінде ұстауды, күдіктілер мен айыптаушыларды айдауылдауды, қылмыстық (әкімшілік) процесті жүргізуші органдардың оларға қатысты қаулыларының, ұйғарымдарының және үкімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

23) полиция органдарының арнайы мекемелерінде режимдік талаптардың сақталуын ұйымдастырады;

24) жедел жағдайды тұрақтандыруға және құқықтық тәртіпті, қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ІІО жұмысын жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

25) жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесуге, сондай-ақ карантиндік, санитарлық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу шараларын қабылдайды;

26) белгіленген тәртіпте көлік құралдарына ілесіп жүруді ұйымдастырады;

27) өз құзыреті шегінде жол жүрісі қауіпсіздігі саласында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдайды;

28) жүргізушілер куәліктерін беруді, сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды ұйымдастырады;

29) жол жүрісін реттеуді және халықаралық және калааралық бағдарларда жолаушыларды тасымалдауды көліктік бақылауды ұйымдастырады;

30) республикалық маңызы бар жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келіседі;

31) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылауды ұйымдастырады және оны орындау үшін міндетті түрде ұйғарымдар береді;

32) жүргізушілер куәліктерінің, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің бланкілерінің, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің нысандары мен үлгілерін әзірлеуді және өзектендіруді қамтамасыз етеді;

33) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру бойынша құжаттаманы белгіленген тәртіппен келіседі;

34) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құрады және пайдаланады;

35) әкімшілік полиция бөліністерінің ақпараттық-есептеуіш жүйелерінің ақпараттық ресурстарын біріктіру жолдарын анықтайды;

36) одан әрі оларды ішкі істер органдарының бірыңғай ақпараттық желісіне қоса отырып, әкімшілік полиция бөліністерінің өңірлік ақпараттық желілерін құру бойынша жобаларды қарастырады;

36-1) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

37) әкімшілік полиция бөліністері ұсынатын электрондық мемлекеттік қызмет көрсетулерді енгізуді және оларды сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ ІІО аумақтық бөліністері көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру бойынша стандарттарды сақтау және мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәніне жыл сайынғы, ай сайынғы, апта сайынғы талдау өткізумен мемлекеттік қызмет көрсету жағдайын бақылайды;

38) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялау және рұқсаттар беру саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

39) лицензиаттардың қызметін, оның ішінде олардың қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келуін бақылайды;

40) күзет қызметімен, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждаумен, ретке келтірумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілерді және жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын

қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

41) заңнамаға сәйкес екінші санаттағы рұқсат беруді жүргізеді (уәкілетті органның жеке күзет мекемесінде басшының және күзетші лауазымын атқаратын жұмысшыларды дайындау және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған оқу орындарын анықтау және ұлттық компаниялардың күзет ұйымдарын құру құқығын келісу);

42) мемлекеттік күзетуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

43) мемлекеттік күзетуге жататын объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету кезінде адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеріп қарау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

44) күзет қызметі субъектілерінен олардың "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды орындауы туралы ақпарат сұратады;

45) мемлекеттік күзетуге жататын объектілерді, сондай-ақ оларды күзету халықаралық келісімдерге сәйкес мемлекетке жүктелген объектілерді күзету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

46) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласында айналысатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

47) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен:

рұқсат береді:

жеке тұлғаларға марапаттық қару сақтауға және алып жүруге;

заңды тұлғаларға:

Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарына және "Мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік қызметшілерге жатқызылған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қызметтік қаруды (қысқа ұнғылы ойықты атыс қаруын) сақтауға және алып жүруге;

48) аумақтық полиция органдарының үйлестіретін бөліністерінің үлгілік ережелерін және қызметкерлері мен жұмыскерлерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді;

49) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010; 17.01.2020 № 31 бұйрығымен.**



15. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұрату және алу;
- 3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру**

16. Комитеттің төрағасы Комитетке басшылықты жүзеге асырады, ол Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

17. Комитеттің төрағасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттіктері:

1) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарында және халықаралық қатынастарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

2) Комитеттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді бекітеді;

3) Комитеттің қызметкерлерін тағайындауға, ауыстыруға, лауазымнан босатуға ұсынады, сондай-ақ Министрліктің есеп-бақылаудағы лауазымдар номенклатурасына сәйкес аумақтық полиция органдары бөліністерінің басшыларын лауазымға тағайындауға және лауазымнан босатуға келісім береді;

4) өз құзыреті шегінде және заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелейді және тәртіптік жаза салады, сондай-ақ қызметкерлерге көтермелеу, тәртіптік жаза салу, материалдық көмек көрсету туралы ұсыныстар енгізеді;

5) өз құзыреті шегінде Комитеттің құрылымдық бөліністері, сондай-ақ аумақтық полиция органдары жетекшілік ететін бөліністері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады;

6) Комитет қызметкерлері арасында тәрбие жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялылық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруын қамтамасыз етеді;

7) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешімдер қабылдайды, тәртіп пен заңдылықты бұзу фактілері бойынша қызметтік тергеулер тағайындайды;

8) Комитеттің қызметкерлерін белгіленген тәртіппен әкімшілік полиция және жергілікті полиция қызметтерінің жұмысына тексеріс жүргізуге және практикалық

көмек көрсету, басқа да қызметтік мәселелер шешу үшін қызметтік іссапарларға жолдайды;

9) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыруға дербес жауапты болады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ол болмаған кезде Комитет төрағасының өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі); 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

20. Комитет төрағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

#### **4. Комитеттің мүлкі**

**21. Алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2019 № 1010 бұйрығымен.**

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **Комитетті қайта құру және тарату**

24. Комитетті қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
4-1-қосымша

#### **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті туралы ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Бұйрық 4-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 13.03.2017 № 185; жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 24.03.2022 № 152 бұйрықтарымен.**

## 1. Жалпы ережелер

1. Көші-қон қызметі комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құзыреті шегінде көші-қон саласындағы мемлекеттік және іске асыруды, көші-қон процестерін мониторингілеуді, талдауды және болжауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің мемлекеттік тілдегі атауы бар мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есеп шоты болады.

4. Комитет өзінің атынан азаматтық-құқықтық қатынасқа түседі.

5. Комитет егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті болса мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға тарап ретінде түсуге құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат саны лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 1-үй.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 02.06.2023 № 443 бұйрығымен.**

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерін орындау мәніне шарттық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен түскен табыстар мемлекеттік бюджеттің кірісіне алынады.

## 2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттер:

1) көші-қон процестерін мониторингілеу, талдау және болжау;

2) сыртқы көші-қонды реттеу және заңсыз көші-қонға қарсы күресті ұйымдастыру;  
3) Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шетелдіктермен жұмысты ұйымдастыру;

4) халықты құжаттандыру және тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау;

14. Функциялар:

1) мына:

заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл;

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу және тіркеу;

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекаралық аймаққа келу құқығына құжаттар ресімдеу;

Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін кетуге құжаттар ресімдеу ;

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруына құжаттар ресімдеу;

елден тұрақты тұрғылықты жеріне кету;

Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру, есепке алу және тіркеу;

босқынның жол жүру құжатының үлгісін бекітеді және оны беруді жүзеге асырады;

2) азаматтық, халықтың көші-қоны және босқындар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

3) құзыреті шегінде көші-қон процестерін мониторингілеуді, талдауды және болжауды жүзеге асырады;

4) көші-қон процестерін мониторингілеу нәтижелерін халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ұсынады;

5) шетелдік мемлекеттердің уәкілетті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6) азаматтарды қабылдауды, азаматтардың, лауазымды адамдардың ауызша және жазбаша арыздарын, өтініштері мен ұсыныстарын уақтылы және толық қарауды жүзеге асырады, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды әзірлейді;

8) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынымы бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, шекараны бұзушыларды шекаралық іздеу, қаруланған шабуылды тойтару немесе іргелес мемлекет азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына жаппай

өтулері кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың шекара маңы аймағында (жолағында) орналасқан жергілікті жердің жекелеген учаскелеріне немесе объектілерге қолжетімдігін шектейді немесе тыйым салады;

10) Министрліктің "Ақпараттық-өндірістік орталық" республикалық мемлекеттік мекемесімен жеке басын куәландыратын құжаттарды дайындау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шетелдіктерді жеке есепке алуды жүргізеді;

12) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша арыздары бойынша материалдарды қарайды және қажетті құжаттармен бірге оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жолдайды;

13) өз құзыреті шегінде халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша шаралар кешенін әзірлейді және іске асырады;

14) ішкі істер органдарының аумақтық бөліністерінің жұмысын:  
көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көшіп келушілердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту;

Қазақстан Республикасынан кетуге, Қазақстан Республикасының аумағында жүрген көшіп келушілерге Қазақстан Республикасынан кетуге және келуге визалар беру;

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсаттар беру;

Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасынан тұрақты тұру үшін кетуге рұқсаттар ресімдеу немесе мұндай рұқсатты беруден бас тарту туралы шешімдер қабылдау;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шетелдіктер мен азаматтығы адамдарға тұруға ықтиярхат және азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеу және беру;

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар беру;

Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар ресімдеу және беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіпте оларды есепке алу және тіркеу;

Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу және тіркеуден шығару;

уақытша тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтарын уақытша келу орны бойынша есепке қою;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды тіркеу;

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуын тіркеу;

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды жеңілдетілген (тіркеу) тәртіпте ресімдеу;

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін (тесілі еместігін) анықтау мәселелері бойынша ұйымдастырады;

15) заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Құқықтары мен міндеттемелері:

1) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтары мен міндеттемелерді жүзеге асыруға құқықты.

### **3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру**

16. Комитетке басшылық етуді Комитет төрағасы жүзеге асырады, ол Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өздерінің функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Ішкі істер министрі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет төрағасын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында және өзге де ұйымдарында және Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық қатынастарда Комитеттің мүддесін қорғайды;

2) Комитеттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді бекітеді;

3) заңнамаға және Ішкі істер министрі бекітетін лауазымдар номенклатурасына сәйкес еңбек шарттарын жасасады, өзгертеді және бұзады, аумақтық ішкі істер органдарының және көліктегі ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөліністерінің басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босатуға келісім береді;

4) өзінің құзыреті шегінде және заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді көтермелейді және тәртіптік жазалар салады, сондай-ақ көтермелеу, тәртіптік жазалар салу, материалдық көмек көрсету туралы ұсыныстар енгізеді;

5) өз құзыреті шегінде Комитеттің құрылымдық бөліністерінің, аумақтық ішкі істер органдарының және көліктегі ішкі істер органдарының орындауына міндетті бұйрықтар шығарады;

6) Комитеттің құрылымдық бөліністерінің қызметкерлері арасында тәрбие жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялылық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруын қамтамасыз етеді;

7) азамттарды қабылдауды жүзеге асырады, арыз-шағымдарды қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды, тәртіп пен заңдылықты бұзу фактілері бойынша қызметтік тергеулер тағайындайды;

8) Комитеттің қызметкерлерін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарға жібереді;

9) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың іске асырылуына жеке жауапкершілікте болады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

#### **4. Комитеттің мүлкі**

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ меншікті қызметі нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қоса алғанда) есебінен құрылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті егер өзгесі заңнамада көзделмесе өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің  
Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Ережемен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 24.10.2024 № 851 бұйрығымен.**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің құзыреті шегінде есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыруды үйлестіретін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, халықаралық келісімшарттарына, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің қазақ тіліндегі атауы бар мөрлері мен мөртабаңдары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

4. Комитет өзінің атынан азаматтық-құқықтық қатынасқа түседі.

5. Комитет, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға тарап ретінде түсуге құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: индекс 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы Алматы ауданы Тәуелсіздік даңғылы 1.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.



12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерін орындау мәніне шарттық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

## **2-тарау. Комитеттің міндеттері, құқықтары мен міндеттемелері**

### 13. Міндеттері:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестердің және прекурсорлардың айналымы, сондай-ақ олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты ұйымдастыру және іске асыру;

2) есірткі құқық бұзушылықтарының профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен, сол тектестермен және прекурсорлармен байланысты қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу;

4) есірткі құралдары, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау жүргізуді ұйымдастыру;

### 14. Құқықтары мен міндеттемелері:

#### 1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді шығару;

есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, жетілдіру және іске асыру бойынша ұсыныстар енгізу;

мемлекеттік органдардан және өзге ұйымдардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, оның ішінде халықаралық кеңестер, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

бейінді халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

есірткі қылмысына қарсы іс-қимылды жетілдіру, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына тиімді мемлекеттік бақылауды белгілеу бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін комиссиялар мен жұмыс топтарын құру, сондай-ақ ғалымдар мен мамандарды, оның ішінде шетелдік ғалымдарды тарту бойынша ұсыныстар енгізу;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес меншік нысандарына қарамастан, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды айналым үшін өз қызметінде пайдаланатын кез келген ұйымдарды тексеру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы саласында анықталған кемшіліктерді жою туралы ұйғарымдар шығару;

заңнамада көзделген тәртіппен және негіздер бойынша, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру;

Қазақстан Республикасының аумағында есірткі трафигінің және есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу жөніндегі жедел-іздістіру және арнайы іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, ІІМ басшылығымен келісім бойынша оларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және өзге де құқық қорғау органдарының қосымша күштері мен құралдарын тарту;

заңнамада белгіленген тәртіппен ІІМ орталық аппаратының және полиция департаменттерінің бөліністерімен, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және басқа да құқық қорғау органдарымен, ұйымдарымен және азаматтарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

## 2) міндеттемелері:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестердің және прекурсорлардың айналымы саласындағы қызмет түрлерін бақылау және лицензиялауды жүзеге асыру;

өз құзыреті шегінде есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласына түсетін техникалық көмек пен инвестициялардың мақсатты пайдаланылуын бақылау;

мемлекеттік органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясат пен стратегияны әзірлеу және іске асыру, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылға қатысу;

Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының жай-күйі мен даму тенденцияларын талдау, нашақорлық пен есірткі қылмысына қарсы күрес саласындағы стратегиялар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысы туралы ақпараттық-талдау материалдарын дайындау;

шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен, халықаралық ұйымдармен есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында өзара іс-қимыл жасасу;

өз құзыреті шегінде халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау;

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы қолдану тәжірибесін талдау және қорытындылау, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында жұмыс істеу үшін мамандарды, сондай-ақ профилактиканы ұйымдастыру саласындағы мамандарды оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және үйлестіру;

уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіру.

#### 15. Функциялары:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау жасауды және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырады;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы және олардың теріс пайдаланылуы саласындағы қызметті реттеу бойынша және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек ұйымдастыруда және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін қамтамасыз етуде денсаулық сақтау органдарына жәрдемдеседі;

3) Комитеттің құрылымдық бөліністерінің қызметін үйлестіруді, ведомстволық бақылауды және жоспарлауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен бірлесіп, есірткі құралдары, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымының барлық түрлерінің ауқымына болжам жасайды;

5) уәкілетті органдармен бірлесіп, мемлекеттің есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға мемлекеттің қажеттілік нормаларын анықтайды;

6) есірткі ахуалының жай-күйін және даму үрдісін, есірткінің заңсыз айналымға түсуінің өңіраралық көздері мен арналарын, олардың жолын жабу жөніндегі шаралардың әзірлемесін, тиісті ақпараттық-талдау материалдарының дайындалуын талдайды;

7) есірткілік әсері аз, әлдеқайда тиімді, қолданылып жүргендерімен салыстырғанда қауіпті емес есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;

8) қызметтері есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынудың профилактикасымен байланысты қоғамдық ұйымдардың, қауымдастықтардың жұмысын үйлестіреді;

9) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіреді;

10) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

11) денсаулық сақтау саласында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметтер түрлерінен басқа, есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

12) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың мен прекурсорлардың айналымын реттейтін Қазақстан Республикасының заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұзғаны үшін заңды және жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша тиісті органдарға ұсыныстар енгізеді;

13) мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға есірткі құралдарының, психотроптық заттардың мен прекурсорлардың айналымы саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыныстар, нұсқамалар енгізеді;

14) уәкілетті органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың мен прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылдар саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады;

15) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды, оның ішінде Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдалана отырып мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

16) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нысанында есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік және өзге де ұйымдардың қызметін, сондай-ақ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру жөніндегі өңірлік штабтардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

18) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында

инвестицияларды, техникалық көмекті тартуды және олардың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

19) нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесін талдайды және қорытындылайды;

20) құрамында есірткі бар өсімдіктер өсетін және өсірілетін жерлерді анықтау және жою жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ есірткі құралдары, психотроптық заттарды, прекурсорларды, сол тектестерді заңсыз тасымалдау арналарын және оларды өндіруге арналған жабдықтарды жабу жөніндегі басқа да шараларды жүргізеді, үйлестіреді, мониторингті жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен заңды тұлғаларға есірткі құралдарың, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге рұқсат беруді жүзеге асырады;

22) шет мемлекеттердің арнайы бөліністерімен, ұлттық қауіпсіздік, кеден органдарымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы есірткі құралдары , психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар контрабандасының және транзитінің жолын кесу бойынша жұмыс жүргізеді;

23) есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен, сол тектестермен және прекурсорлармен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізеді;

24) Қазақстан Республикасының аумағында есірткі трафигі мен есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу жөніндегі жедел-ізвестіру қызметіне бақылауды жүзеге асырады, оны жүзеге асырудың тиімді нысандарын қорытындылайды және енгізеді;

25) қылмыс жасаған адамдарды ұстау бойынша жедел-ізвестіру іс-шараларын және арнайы операцияларды жүргізуді үйлестіреді, сондай-ақ басқа құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың оларды жүргізуіне және жүзеге асыруына жәрдемдеседі;

26) есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымынан алынған қылмыстық қаражаты заңдастырумен (жылыстаумен) байланысты қылмыстарды анықтауға бағытталған жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізеді;

27) ТМД қатысушы-мемлекеттермен есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымының проблемалары бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізеді;

28) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды сол тектестер мен прекурсорларды тарату үшін Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдаланудың жол кесуді жүзеге асырады;

29) заманауи ғылыми-техникалық жетістіктердің негізінде есірткі қауіпімен күресу әдістерін жетілдіреді;

30) есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте, ізін суытпай қылмыстарды ашуда, жарылғыш заттар мен қару-жарақты табуда, одорологиялық зерттеулерді жүргізуде және қоғамдық тәртіпті сақтауда және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қызметтік-ізвестіру иттерін тиімді пайдалану бойынша ПМ Кинологиялық орталығының (бұдан әрі – ПМ КО), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астана және көліктегі полиция департаменттерінің кинологиялық қызмет орталықтарының (бұдан әрі – КҚО) қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылау жүргізеді;

31) арнайы есепке алуды қалыптастырады және жүргізеді;

32) "Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның төрағасының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Комитетке басшылық етуді Комитет төрағасы жүзеге асырады, ол Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өздерінің функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитет төрағасы лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасыда сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) Комитеттің жұмысын ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында және өзге де ұйымдарында және Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық қатынастарда Комитетті танытады;

3) министрге Комитеттің құрылымы және штаттық саны бойынша ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ Комитеттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді бекітеді;

4) Комитеттің қызметкерлерін, ПМ Кинологиялық орталығының бастығын тағайындауға, лауазымынан босатуға және жұмыстан шығаруға ұсынады, сондай-ақ министрліктің есепке алу-бақылау лауазымдар номенклатурасына сәйкес аумақтық есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөліністерінің басшыларын лауазымға тағайындауға және лауазымынан босатуға келісім береді;

5) ПМ басшылығына қызметкерлерді көтермелеу, тәртіптік жазалар салу, материалдық көмек көрсету туралы ұсыныстар енгізеді;

6) Комитет қызметкерлері арасында тәрбие жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялылық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруын қамтамасыз етеді;

7) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

77) дербес деректерді өңдеу кезінде заңнаманың талаптарын және ақпараттық қауіпсіздікті сақтай отырып, ішкі істер органдары бөліністерінің Департаменттің ақпараттық ресурстарына қолжетімдігін қамтамасыз етеді;

78) ведомстволық статистикалық, архивтік және өзге ақпараттарды жинауды, жинақтауды, өңдеуді, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынуды жүзеге асырады;

79) ішкі істер органдары жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын іске асыруға қатысады;

80) Департамент қызметкерлерінің және жұмысшыларының кәсіби құзыретіне аттестаттау өткізеді;

81) Департамент бөліністері үшін кадрларды даярлауды және оқытуды ұйымдастырады, Министрліктің білім беру ұйымдарын бітірушілерді Департамент бөліністеріне жұмысқа орналастыруды жүзеге асырады;

82) қызметке, оқуға түсушілерге және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне әскери-дәрігерлік сараптама жүргізеді;

83) Департаментте және оның құрылымдық бөлімшелерінде заңдылықтың сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, азаптауды және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістерін қамтамасыз ету бойынша өзіндік қауіпсіздік бөлімшесімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

84) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, азаптау және жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістері жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны, сондай-ақ олардың азаптаулар мен жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістерін қолданғаны үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауаптылығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

85) қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

86) мемлекеттік құпияларды сақтауды, қарамағындағы полиция органдарында құпиялылық режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

87) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерге иелік етеді;

88) бағынысты бөлімшелерде арнайы сараптама жүргізуді және олардың басшыларын мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білімі бойынша аттестаттауды ұйымдастырады;

89) Департаментте бірыңғай мемлекеттік іс жүргізу жүйесінің жұмыс істетуін қамтамасыз етеді;

90) Департаменттің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мүдделерін соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды және осы жұмыстарды жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;

91) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды, жолданымдарда, сұрау салуларда, жауаптар мен хабарларда жеке және заңды тұлғалар көтеретін жүйелі проблемаларды уақтылы және толық қарауды, талдауды, мониторингілеуді және анықтауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;

92) арнайы және әскери тасымалдауды ұйымдастырады;

93) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

94) Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің заңдарында, актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Құқықтары және міндеттемелері:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан заңнамада белгіленген тәртіпте ақпарат сұрату және алу;

2) Ішкі істер министрлігіне, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға жаңа нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерді кадрмен, материалдық-техникалық және қаржымен қамтамасыз ету, қызмет көрсететін аумақта заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі басқа да шараларды қабылдау туралы ұсыныстар енгізу;

3) ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді іске асыруға тікелей қатысуға, оларды құрылымдық бөлімшелердің орындауын бақылау, азаматтардың қауіпсіздік деңгейіне теріс ықпал ететін факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру ;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту;

5) құзыреті шегінде халықаралық шарттар бойынша міндеттерді орындау;

6) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге құқықтарды және міндеттемелерді жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.

17. Департамент бастығы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған полиция қызметкерлерінің қатарынан, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

18. Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент бастығының өкілеттігі:

1) қарамағындағы полиция органдары мен бөліністерінің қызметін жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді;

2) Департаменттің құрылымы және штаты бойынша Министрлік басшылығына ұсыныстар ұсынады;

3) Департамент номенклатурасына кіретін лауазымдарға қызметкерлерді тағайындайды және босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, арнайы атақ беру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

5) Департамент қызметкерлері арасында тәрбие, идеологиялық және имидждік жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

6) Департаментте және оның құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және осы салада профилактикалық шараларды іске асыруға дербес жауапты болады;

7) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

8) берілген құқықтар шегінде құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға және еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданады;

9) қарамағындағы қызметкерлерді мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат береді;

10) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент бастығы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

#### **4. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық және коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
12-қосымша

### Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Полиция департаменті туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287 бұйрығымен.

#### 1. Жалпы ережелер

1. Жамбыл облысының Полиция департаменті (бұдан әрі–Департамент) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі–Министрлік) облыс аумағындағы полиция органдары мен бөліністеріне басшылық етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлінісі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі атауымен мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент бастығының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департамент құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 80-үй.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері**

13. Департаменттің міндеттері:

- 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) қылмысқа қарсы күрес;
- 4) әкімшілік жазаны орындау;

5) Департаментке Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де міндеттер.

14. Функциялары:

1) Департаменттің арнайы мақсаттағы бөліністеріне басшылық жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың ұдайы жауынгерлік және жедел әзірлігін қамтамасыз етеді ;

2) Департаменттің құрылымдық бөліністері қызметін үйлестіруді, ведомстволық бақылауды және жоспарлауды жүзеге асырады;

3) Ішкі істер министрлігін және мемлекеттік органдарды қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтаудың және өңірдегі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпараттандырады;

4) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы республикалық ақпараттық жүйелерді құруға және жұмысына қатысады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтауды жетілдіруге, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың профилактикасына бағытталған шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

6) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бақылауды жүзеге асырады және шаралар қабылдайды, орындау үшін міндетті нұсқамалар береді;

7) құқық бұзушылықты және қылмысты анықтау, жолын кесу және алдын алу бойынша профилактикалық қызметті қамтамасыз етеді;

8) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялау және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асырады;

- 9) заңнамада белгіленген тәртіпте лицензианттардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 10) күзет қызметімен айналысатын субъектілердің, күзет сигнализациясы құралын жинақтауды, баптауды және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін және жеке күзет ұйымдарында басшы және күзетші лаузымдарын атқаратын жұмысшыларды даярлауды және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 11) күзет қызметі субъектілерінен олардың "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген талаптарды орындауы туралы ақпарат сұрайды;
- 12) ішкі істер органдарының есебінде тұрған адамдардың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына профилактикалық бақылауды қамтамасыз етеді;
- 13) қамауға алынған және сотталғандарды күзетуді және айдауылдауды жүзеге асырады;
- 14) ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидимиологиялық саламаттылығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді (әкімшілік қамауға алынған адамдар үшін арнайы қабылдағыш, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін қабылдағыш–таратушы, уақытша ұстау изоляторы);
- 15) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 16) әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық қызметін жүзеге асырады;
- 17) қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;
- 18) жол жүрісін реттеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жолдарды жобалау, салу, жөндеу, күтіп ұстау және басқару кезінде, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың қажеттіліктерін ескере отырып, жол инфрақұрылымын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 19) көлік құралдарының иелері мен жолаушылар тасымалдаушыларының көлік құралдары иелері мен тасымалдаушылардың заңнамада белгіленген азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді орындауын бақылауды жүзеге асырады;
- 20) жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады және орындалуы міндетті нұсқамалар береді;
- 21) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелерді пайдаланады;
- 22) жергілікті атқарушы орган жанындағы Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;



- 23) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жұмысты арттыруға және жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге қатысады;
- 24) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- 25) жүргізуші куәліктерін беруді, сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды ұйымдастырады;
- 26) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қолданады;
- 27) мүдделі мемлекеттік органдарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін ұсынымдар енгізе отырып, кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар фактілерінің алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 28) жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге қатысады, оның ішінде түзеу мекемелерінде;
- 29) құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады және әкімшілік заңнаманы іске асыру кезінде заңдылықтың сақталуын бақылайды;
- 30) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысады;
- 31) жеке және заңды тұлғаларға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар, ұсынымдар енгізеді;
- 32) жедел-профилактикалық, іздестіру және өзге де арнайы іс-шараларды жүргізу кезінде бақылау-өткізу пункттерін белгілейді;
- 33) заңнамаға сәйкес қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ тыйым салынған өзге де заттарды алып қою бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады;
- 34) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберу немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды ресімдеу жөніндегі қызметті ұйымдастырады;
- 35) полиция органдарының арнаулы мекемелерінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауда күдіктілер мен айыпталушыларды, тұрғылықты жері және құжаттары белгісіз адамдарды, әкімшілік қамауға алынғандарды ұстауды, күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылмен алып жүруді, оларға қатысты қылмыстық (әкімшілік) процесті жүргізетін органдардың қаулыларын, ұйғарымдары мен үкімдерін орындауды ұйымдастырады;

36) елдегі қоғамдық-саяси ахуалға мониторингті қамтамасыз етеді және оны тұрақсыздандыру әрекеттеріне уақтылы ден қою жөнінде шаралар қабылдайды;

37) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде жедел-қызметтік міндеттерді орындау жөніндегі арнайы жедел жоспарлар іс-шараларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, әкімшілік полицияның қажетті күштері мен құралдарын тартуды және олардың басқа құқық қорғау органдарымен және күштік құрылымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

38) қоғамдық-саяси, спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде, сондай-ақ мемлекет басшыларының, басқа да шетелдік саяси және мемлекет қайраткерлерінің сапарлары кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі шаралар кешенін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

39) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судьялардың талаптарын, прокурордың қаулыларын, нұсқамалары мен талаптарын, тергеушінің, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындайды;

40) құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

41) заңнамаға сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырады;

42) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асырады;

43) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды, борышкер адамдарды, сотқа дейінгі тергеуден немесе соттан жасырынғандарды, қылмыстық жазаны өтеуден, әскери қызметтен жалтарғандарды, із-түссіз жоғалғандарды, хабарсыз кеткендерді және өзге де адамдарды іздестіруді, танылмаған мәйітті сәйкестендіруді жүзеге асырады;

44) арнайы, құқық қорғау және мемлекеттік органдармен бірлесіп террористік актілердің жолын кесу, кепілге алынғандарды босату және жарылғыш заттарды залалсыздандыру бойынша терроризмге қарсы және арнайы операцияларға қатысады;

45) шет мемлекеттермен экстрадицияланатындарды және сотталғандарды қабылдау-беруді ұйымдастырады;

46) заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шет мемлекеттердің құзыретті органдарының сұрау салуын орындайды;

47) қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын және мүлігін сақтауды бақылауды жүзеге асырады;

48) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды іске асыруға қатысады;

49) нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыруда мемлекеттік денсаулық

сақтау органдарына көмек көрсетеді, оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдікті қамтамасыз етеді;

50) қызметі есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласымен байланысты қызметкерлердің, сондай-ақ есірткі құралдарын және психотроптық заттарды пайдаланатын адамдарды әлеуметтік оналту, емдеу, профилактикасын ұйымдастыру саласындағы қызметкерлерді оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды, тағылымдамадан өткізуді және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

51) сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарған адамдарды іздеуді, ұстауды және арнайы медициналық мекемелерге жеткізуді жүзеге асырады;

52) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымын және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл шараларын бақылауды жүзеге асырады;

53) қолдағы барымен салыстырғанда аса қауіпті емес, анағұрлым тиімді, есірткілік әсері төмен есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;

54) құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою бойынша, сондай-ақ есірткі заттарын заңсыз тасымалдау арналарының жолын кесу бойынша іс-шаралар өткізеді;

55) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік органдардың және өзге ұйымдардың, сондай-ақ нашақорлықпен және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік консультациялық-кеңесші органдардың қызметін үйлестіруді ұйымдастырады;

56) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар тізімін және Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды және прекурсорларды шағын ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені өзгерту мен толықтыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

57) өңірдегі есірткі жағдайының, есірткінің заңсыз айналымға түсуінің өңіраралық көздерімен және арналарының даму тенденциялары және жағдайын, олардың жолын кесу бойынша шараларды әзірлеуді, тиісті ақпараттық-аналитикалық материалдарды дайындауды талдайды;

58) халықтың азаматтығы мен көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

59) баспана іздеушілер мен босқындардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;

60) Ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесін, сондай-ақ көші-қон полициясының шетелдіктердің келуін, болуын және кетуін бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесін әкімшілендіреді;

61) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп шекара режимі қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

62) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын және оның режимін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі режимді бұзған адамдарды іздестіруде, азаматтардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жасаған құқық бұзушылықтардың мән-жайларын анықтауда және тексеруде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жәрдем көрсетеді

63) Азаматтар мен лауазымды адамдар, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар оларға белгіленген Қазақстан Республикасының аумағы арқылы кіру, шығу, болу және транзиттік жол жүру қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

64) Халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы сақтау бойынша жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастырады;

65) соттың көші-қон заңнамасын өрескел бұзған шетелдіктерді әкімшілік жаупкершілікке тарту, елден шығып жіберу туралы шешімін орындамаған шетелдіктерді анықтау бойынша "Мигрант", "Заңсыз келуші" профилактикалық, оның ішінде халықаралық міндеттемелерге сәйкес іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;

66) шетел азаматтарын елден тыс жерге шығаруды ұйымдастырады;

67) жыл сайын жергілікті атқарушы және өкілді органдарға шетелдіктерді елден тыс жерге шығарып жіберуге жергілікті бюджеттен ақшалай қаражат бөлуге бюджеттік өтінім енгізеді;

68) шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды, пана іздеп жүрген адамдарды және босқындарды дактилоскопиялауды жүзеге асырады;

69) "Қазақстан Республикасы визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу", "Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасынан шығу және Қазақстан Республикасына келу құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визалар беру, қалпына келтіру немесе ұзарту", "Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру", "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру", "Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға рұқсат беру", "Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге тұруға ықтиярхаттар және азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер беру", "Жол жүру құжатын беру", "Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру", "Шекара маңы аумағының елді мекенінде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын мәліметтерді ұсыну", "Қазақстан Республикасы халқын

тұрғылықты жері бойынша тіркеу", "Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерге шығуға құжаттарды ресімдеу", "Тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару" мемлекеттік қызмет көрсетеді;

70) Заңды тұлғаларға "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарына сәйкестігіне қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетеді;

71) Мемлекеттік оқ-гильза қоймасының ведомстволық коллекцияларын қалыптастыру үшін азаматтық және қызметтік ойық атыс қаруын бақылау атуды жүзеге асырады;

72) жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асырады;

73) күдіктілерді, айыпталушыларды, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жатқан, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұсталатын, профилактикалық есепке қойылған адамдарды криминалистік есепке қою үшін суретке түсіруді, дактилоскопиялауды жүзеге асырады, дыбыс жазуды, кино және бейнетүсірілімді жүргізеді, биологиялық, одорологиялық және басқа да үлгілерді іріктейді;

74) қызмет көрсететін аумақтағы криминогендік ахуалға кешенді талдау жүргізеді және жедел ақпаратты үздіксіз жинауды қамтамасыз етеді;

75) өңірлік ведомстволық және жедел есепті қалыптастырады және сүйемелдейді;

76) нормативтік құқықтық актілер шеңберінде, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер жасасқан келісімдер шеңберінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бөліністерін, арнайы, құқық қорғау және мемлекеттік органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

77) дербес деректерді өңдеу кезінде заңнаманың талаптарын және ақпараттық қауіпсіздікті сақтай отырып, ішкі істер органдары бөліністерінің Департаменттің ақпараттық ресурстарына қолжетімдігін қамтамасыз етеді;

78) ведомстволық статистикалық, архивтік және өзге ақпараттарды жинауды, жинақтауды, өңдеуді, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынуды жүзеге асырады;

79) ішкі істер органдары жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын іске асыруға қатысады;

80) Департамент қызметкерлерінің және жұмысшыларының кәсіби құзыретіне аттестаттау өткізеді;

81) Департамент бөліністері үшін кадрларды даярлауды және оқытуды ұйымдастырады, Министрліктің білім беру ұйымдарын бітірушілерді Департамент бөліністеріне жұмысқа орналастыруды жүзеге асырады;

82) қызметке, оқуға түсушілерге және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне әскери-дәрігерлік сараптама жүргізеді;

83) Департаментте және оның құрылымдық бөлімшелерінде заңдылықтың сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, азаптауды және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістерін қамтамасыз ету бойынша өзіндік қауіпсіздік бөлімшесімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

84) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, азаптау және жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістері жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны, сондай-ақ олардың азаптаулар мен жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістерін қолданғаны үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауаптылығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

85) қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

86) мемлекеттік құпияларды сақтауды, қарамағындағы полиция органдарында құпиялылық режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

87) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерге иелік етеді;

88) бағынысты бөлімшелерде арнайы сараптама жүргізуді және олардың басшыларын мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білімі бойынша аттестаттауды ұйымдастырады;

89) Департаментте бірыңғай мемлекеттік іс жүргізу жүйесінің жұмыс істетуін қамтамасыз етеді;

90) Департаменттің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мүдделерін соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды және осы жұмыстарды жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;

91) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды, жолданымдарда, сұрау салуларда, жауаптар мен хабарларда жеке және заңды тұлғалар көтеретін жүйелі проблемаларды уақтылы және толық қарауды, талдауды, мониторингілеуді және анықтауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;

92) арнайы және әскери тасымалдауды ұйымдастырады;

93) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

94) Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің заңдарында, актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Құқықтары және міндеттемелері:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан заңнамада белгіленген тәртіпте ақпарат сұрату және алу;

2) Ішкі істер министрлігіне, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға жаңа нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ құрылымдық

бөлімшелерді кадрмен, материалдық-техникалық және қаржымен қамтамасыз ету, қызмет көрсететін аумақта заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі басқа да шараларды қабылдау туралы ұсыныстар енгізу;

3) ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді іске асыруға тікелей қатысуға, оларды құрылымдық бөлімшелердің орындауын бақылау, азаматтардың қауіпсіздік деңгейіне теріс ықпал ететін факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру ;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту;

5) құзыреті шегінде халықаралық шарттар бойынша міндеттерді орындау;

6) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге құқықтарды және міндеттемелерді жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.

17. Департамент бастығы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған полиция қызметкерлерінің қатарынан, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

18. Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент бастығының өкілеттігі:

1) қарамағындағы полиция органдары мен бөліністерінің қызметін жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді;

2) Департаменттің құрылымы және штаты бойынша Министрлік басшылығына ұсыныстар ұсынады;

3) Департамент номенклатурасына кіретін лауазымдарға қызметкерлерді тағайындайды және босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, арнайы атақ беру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

5) Департамент қызметкерлері арасында тәрбие, идеологиялық және имидждік жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

6) Департаментте және оның құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылға

бағытталған шараларды қабылдайды және осы салада профилактикалық шараларды іске асыруға дербес жауапты болады;

7) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

8) берілген құқықтар шегінде құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға және еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданады;

9) қарамағындағы қызметкерлерді мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат береді;

10) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент бастығы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

#### **4. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық және коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.



## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жетісу облысы Полиция департаменті туралы ереже

Ескерту. Бұйрық 12-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 25.07.2022 № 619; жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287 бұйрықтарымен.

### 1. Жалпы ережелер

1. Жетісу облысының Полиция департаменті (бұдан әрі–Департамент) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі-Министрлік) облыс аумағындағы полиция органдары мен бөліністеріне басшылық етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлінісі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі атауымен мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент бастығының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департамент құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: индексі 040000, Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров көшесі, 91/95-үй

9. Департаменттің толық атауы–"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жетісу облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері**

13. Департаменттің міндеттері:

- 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) қылмысқа қарсы күрес;
- 4) әкімшілік жазаны орындау;
- 5) Департаментке Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де міндеттер.

14. Функциялары:

- 1) Департаменттің арнайы мақсаттағы бөліністеріне басшылық жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың ұдайы жауынгерлік және жедел әзірлігін қамтамасыз етеді ;
- 2) Департаменттің құрылымдық бөліністері қызметін үйлестіруді, ведомстволық бақылауды және жоспарлауды жүзеге асырады;
- 3) Ішкі істер министрлігін және мемлекеттік органдарды қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтаудың және өңірдегі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпараттандырады;
- 4) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы республикалық ақпараттық жүйелерді құруға және жұмысына қатысады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтауды жетілдіруге, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың профилактикасына бағытталған шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 6) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бақылауды жүзеге асырады және шаралар қабылдайды, орындау үшін міндетті нұсқамалар береді;
- 7) құқық бұзушылықты және қылмысты анықтау, жолын кесу және алдын алу бойынша профилактикалық қызметті қамтамасыз етеді;
- 8) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялау және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асырады;
- 9) заңнамада белгіленген тәртіпте лицензианттардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 10) күзет қызметімен айналысатын субъектілердің, күзет сигнализациясы құралын жинақтауды, баптауды және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін және

жеке күзет ұйымдарында басшы және күзетші лаузымдарын атқаратын жұмысшыларды даярлауды және біліктілігін арттыру бойынша мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

11) күзет қызметі субъектілерінен олардың "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген талаптарды орындауы туралы ақпарат сұрайды;

12) ішкі істер органдарының есебінде тұрған адамдардың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына профилактикалық бақылауды қамтамасыз етеді;

13) қамауға алынған және сотталғандарды күзетуді және айдауылдауды жүзеге асырады;

14) ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидимиологиялық саламаттылығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді (әкімшілік қамауға алынған адамдар үшін арнайы қабылдағыш, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін қабылдағыш-таратушы, уақытша ұстау изоляторы);

15) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық қызметін жүзеге асырады;

17) қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;

18) жол жүрісін реттеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жолдарды жобалау, салу, жөндеу, күтіп ұстау және басқару кезінде, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың қажеттіліктерін ескере отырып, жол инфрақұрылымын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

19) көлік құралдарының иелері мен жолаушылар тасымалдаушыларының көлік құралдары иелері мен тасымалдаушылардың заңнамада белгіленген азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді орындауын бақылауды жүзеге асырады;

20) жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады және орындалуы міндетті нұсқамалар береді;

21) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелерді пайдаланады;

22) жергілікті атқарушы орган жанындағы Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;

23) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жұмысты арттыруға және жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге қатысады;

24) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

- 25) жүргізуші куәліктерін беруді, сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды ұйымдастырады;
- 26) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қолданады;
- 27) мүдделі мемлекеттік органдарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін ұсынымдар енгізе отырып, кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар фактілерінің алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 28) жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге қатысады, оның ішінде түзеу мекемелерінде;
- 29) құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады және әкімшілік заңнаманы іске асыру кезінде заңдылықтың сақталуын бақылайды;
- 30) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысады;
- 31) жеке және заңды тұлғаларға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар, ұсынымдар енгізеді;
- 32) жедел-профилактикалық, іздестіру және өзге де арнайы іс-шараларды жүргізу кезінде бақылау-өткізу пункттерін белгілейді;
- 33) заңнамаға сәйкес қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ тыйым салынған өзге де заттарды алып қою бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады;
- 34) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберу немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды ресімдеу жөніндегі қызметті ұйымдастырады;
- 35) полиция органдарының арнаулы мекемелерінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауда күдіктілер мен айыпталушыларды, тұрғылықты жері және құжаттары белгісіз адамдарды, әкімшілік қамауға алынғандарды ұстауды, күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылмен алып жүруді, оларға қатысты қылмыстық (әкімшілік) процесті жүргізетін органдардың қаулыларын, ұйғарымдары мен үкімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 36) елдегі қоғамдық-саяси ахуалға мониторингті қамтамасыз етеді және оны тұрақсыздандыру әрекеттеріне уақтылы ден қою жөнінде шаралар қабылдайды;
- 37) қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде жедел-қызметтік міндеттерді орындау жөніндегі арнайы жедел жоспарлар іс-шараларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, әкімшілік полицияның қажетті

күштері мен құралдарын тартуды және олардың басқа құқық қорғау органдарымен және күштік құрылымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

38) қоғамдық-саяси, спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде, сондай-ақ мемлекет басшыларының, басқа да шетелдік саяси және мемлекет қайраткерлерінің сапарлары кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі шаралар кешенін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

39) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судьялардың талаптарын, прокурордың қаулыларын, нұсқамалары мен талаптарын, тергеушінің, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындайды;

40) құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

41) заңнамаға сәйкес жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырады;

42) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асырады;

43) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды, борышкер адамдарды, сотқа дейінгі тергеуден немесе соттан жасырынғандарды, қылмыстық жазаны өтеуден, әскери қызметтен жалтарғандарды, із-түссіз жоғалғандарды, хабарсыз кеткендерді және өзге де адамдарды іздестіруді, танылмаған мәйітті сәйкестендіруді жүзеге асырады;

44) арнайы, құқық қорғау және мемлекеттік органдармен бірлесіп террористік актілердің жолын кесу, кепілге алынғандарды босату және жарылғыш заттарды залалсыздандыру бойынша терроризмге қарсы және арнайы операцияларға қатысады;

45) шет мемлекеттермен экстрадицияланатындарды және сотталғандарды қабылдау-беруді ұйымдастырады;

46) заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шет мемлекеттердің құзыретті органдарының сұрау салуын орындайды;

47) қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын және мүлігін сақтауды бақылауды жүзеге асырады;

48) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды іске асыруға қатысады;

49) нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыруда мемлекеттік денсаулық сақтау органдарына көмек көрсетеді, оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдікті қамтамасыз етеді;

50) қызметі есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласымен байланысты қызметкерлердің, сондай-ақ есірткі құралдарын және

психотроптық заттарды пайдаланатын адамдарды әлеуметтік оңалту, емдеу, профилактикасын ұйымдастыру саласындағы қызметкерлерді оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды, тағылымдамадан өткізуді және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

51) сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарған адамдарды іздеуді, ұстауды және арнайы медициналық мекемелерге жеткізуді жүзеге асырады;

52) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымын және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл шараларын бақылауды жүзеге асырады;

53) қолдағы барымен салыстырғанда аса қауіпті емес, анағұрлым тиімді, есірткілік әсері төмен есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;

54) құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою бойынша, сондай-ақ есірткі заттарын заңсыз тасымалдау арналарының жолын кесу бойынша іс-шаралар өткізеді;

55) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік органдардың және өзге ұйымдардың, сондай-ақ нашақорлықпен және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік консультациялық-кеңесші органдардың қызметін үйлестіруді ұйымдастырады;

56) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар тізімін және Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды және прекурсорларды шағын ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені өзгерту мен толықтыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

57) өңірдегі есірткі жағдайының, есірткінің заңсыз айналымға түсуінің өңіраралық көздерімен және арналарының даму тенденциялары және жағдайын, олардың жолын кесу бойынша шараларды әзірлеуді, тиісті ақпараттық-аналитикалық материалдарды дайындауды талдайды;

58) халықтың азаматтығы мен көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

59) баспана іздеушілер мен босқындардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;

60) Ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесін, сондай-ақ көші-қон полициясының шетелдіктердің келуін, болуын және кетуін бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесін әкімшілендіреді;

61) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп шекара режимі қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

62) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын және оның режимін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі

режимді бұзған адамдарды іздестіруде, азаматтардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жасаған құқық бұзушылықтардың мән-жайларын анықтауда және тексеруде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жәрдем көрсетеді

63) Азаматтар мен лауазымды адамдар, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар оларға белгіленген Қазақстан Республикасының аумағы арқылы кіру, шығу, болу және транзиттік жол жүру қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

64) Халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы сақтау бойынша жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастырады;

65) соттың көші-қон заңнамасын өрескел бұзған шетелдіктерді әкімшілік жауапкершілікке тарту, елден шығып жіберу туралы шешімін орындамаған шетелдіктерді анықтау бойынша "Мигрант", "Заңсыз келуші" профилактикалық, оның ішінде халықаралық міндеттемелерге сәйкес іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;

66) шетел азаматтарын елден тыс жерге шығаруды ұйымдастырады;

67) жыл сайын жергілікті атқарушы және өкілді органдарға шетелдіктерді елден тыс жерге шығарып жіберуге жергілікті бюджеттен ақшалай қаражат бөлуге бюджеттік өтінім енгізеді;

68) шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды, пана іздеп жүрген адамдарды және босқындарды дактилоскопиялауды жүзеге асырады;

36) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылға қатысады;

37) қызметі есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласымен байланысты мамандарды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды, тағылымдамадан өткізуді және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

38) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына, осы саладағы заңнаманың әуе және теміржол көлігі учаскелері мен объектілерінде қолданылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

39) қолда бармен салыстырғанда аса қауіпті емес, анағұрлым тиімді, есірткілік әсері төмен есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;

40) құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау, сондай-ақ есірткі құралдарын заңсыз тасымалдау арналарын жабу жөніндегі іс-шараларды өткізеді;

41) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымы саласындағы мемлекеттік органдардың және өзге ұйымдардың, сондай-ақ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік консультативтік-кеңесші органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

42) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттардың және прекурсорлардың тізімін және Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі психотроптық заттарды және прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерлерге жатқызу туралы жиынтық кестені өзгерту және толықтыру бойынша ұсыныстар енгізеді;



43) әуе және темір жол объектілерінде, учаскелерінде есірткі жағдайының, есірткінің заңсыз айналымға түсуінің өңіраралық көздері мен түсу арналарының даму жай-күйі мен үрдістерін, оларды жабу бойынша шараларды әзірлеуді, тиісті апараттық-аналитикалық материалдарды дайындауды талдайды;

44) азаматтық пен азаматтардың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

45) ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесін, сондай-ақ көші-қон полициясының шетелдіктердің келуін, болуын және кетуін бақылау жөніндегі ақпараттық жүйесін әкімшілендіреді;

46) азаматтардың көші-қоны саласындағы заңнаманы сақтау бойынша жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастырады;

47) көші-қон заңнамасын, оның ішінде халықаралық міндеттемелерге сәйкес іс-шараларды қасақана бұзған шетелдіктерді әкімшілік жауапкершілікке тарту, соттың шығарып жіберу туралы шешімін орындамаған шетелдіктерді анықтау бойынша "Мигрант", "Заңсыз келуші" профилактикалық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

48) шетел азаматтарын елден тыс жерлерге шығарып жіберуді ұйымдастырады;

49) келу визаларын беру, мемлекеттік шекараны кесіп өту үшін және олардың Қазақстан Республикасынан кетуі үшін шетелдіктерді әкімшілік жауаптылыққа тартқаннан кейін шығу визаларын беру;

50) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметтерін Қазақстан Республикасының шекара маңындағы учаскелері мен теміржол көлігі объектілеріндегі құқықтық тәртіптің жай-күйі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қатысты құқыққа қарсы ұмтылыстары бар қылмыстық топтар мен адамдар туралы хабардар етеді;

51) азаматтардың және лауазымды адамдардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген келу, шығу, тұруы және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзиттік өту қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

52) жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асырады;

53) профилактикалық есепке қойылған күдікті, айыпталған адамдарды криминалистикалық есепке қою үшін суретке түсіру, дактилоскопиялау, дыбыстық жазба, бейнетүсірілім жүргізу, биологиялық, одорологиялық және басқа үлгілерді алады;

54) әуе және теміржол көлігінің учаскелері мен объектілерінде криминогендік ахуалға кешенді талдау және жедел ақпаратты үздіксіз жинауды қамтамасыз етеді;

55) ведомстволық және жедел есепті қалыптастырады және сүйемелдейді;

56) нормативтік құқықтық актілер шеңберінде, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөліністерін, арнайы, құқық қорғау және мемлекеттік органдарын,

сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер жасаған келісімдер шеңберінде ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

57) дербес деректерді өңдеу кезінде заңнаманың және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, бөліністердің Департаменттің ақпараттық ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

58) ведомстволық, статистикалық, мұрағаттық және өзге ақпараттарды жинауды, жинақтауды, өңдеуді, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынуды жүзеге асырады;

59) ішкі істер органдарының жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын іске асыруға қатысады;

60) Департамент қызметкерлерінің және жұмыскерлерінің кәсіби құзыретіне аттестаттау өткізеді;

61) Департамент бөліністеріне кадрларды даярлауды және оқытуды ұйымдастырады, Министрліктің білім беру ұйымдарының бітірушілерін Департамент бөліністеріне жұмысқа орналастыруды жүзеге асырады;

62) Департаментте және оның құрылымдық бөліністерінде заңдылықтың сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы, азаптау мен өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша өзіндік қауіпсіздік бөліністерімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

63) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, азаптау және жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістері жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны, сондай-ақ олардың азаптаулар мен жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістерін қолданғаны үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауаптылығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

64) қаржылық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

65) мемлекеттік құпияларды сақтауды, қарамағындағы көліктегі полиция органдарында құпиялылық режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

66) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерді қолданады;

67) бағынысты бөлімшелерде арнайы сараптама жүргізуді және олардың басшыларын мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білімге аттестаттауды ұйымдастырады;

68) Департаментте іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

69) Соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда Департаменттің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мүдделерін қорғауды және осы жұмыстарды жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;

70) азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды, өтініштерде, сұрау салуларда, пікірлер мен хабарламаларда жеке және заңды тұлғалар көтеретін жүйелік проблемаларды уақтылы және толық қарауды, талдауды, мониторингілеуді және анықтауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;

71) Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің заңдарында, актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамада белгіленген тәртіпте қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) құзыреті шегінде халықаралық шарттар бойынша міндеттерді орындау;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзгеде құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Департамент бастығы жүзеге асырады.

17. Департамент бастығын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған полиция қызметкерлері қатарынан қызметке тағайындайды және оны қызметтен босатады.

18. Департамент бастығының орынбасарлары бар, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

19. Департамент бастығының өкілеттігі:

1) Қарамағындағы органдар мен полиция бөліністерінің қызметін жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді;

2) Департаменттің құрылымы және штаты бойынша Министрлік басшылығына ұсыныстар ұсынады;

3) өзінің номенклатурасына кіретін Департамент лауазымдарына қызметкерлерін тағайындайды және босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар ұсыну, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, арнайы атақ беру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

5) Департамент қызметкерлерінің тәлімгерлігін, тәрбиелік, идеологиялық және имидждік жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялылық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

6) Департаментте және оның құрылымдық бөліністерінде сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және осы салаларда профилактикалық шараларды іске асыруға дербес жауапты болады;

7) Департаменттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

8) берілген құқықтар шегінде еңбек заңнамасына және құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жаза қолданады;

9) қарамағындағы қызметкерлерді мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жібереді;

10) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент бастығының өкілеттігін ол болмаған кезеңде орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент бастығы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық және коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің  
Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ереже**

**Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің  
02.06.2023 № 443 бұйрығымен.**

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287 бұйрығымен.

**1. Жалпы ережелер**

1. Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі-Департамент) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелеріне басшылықты жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады. Департамент ҚАЖ мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және сотталғандарды жұмысқа орналастыру жөніндегі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.03.2024 № 220 бұйрығымен.**

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі атауымен мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаментке егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент бастығының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шыңтас тұйық көше, 14А-үй.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 02.06.2023 № 443 бұйрығымен.**

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Департаменттің негізгі міндеттері мен функциялары**

13. Департаменттің негізгі міндеттері:

1) қылмыстық жазалардың орындалуын және сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды ұстауды қамтамасыз ететін мекемелерге басшылықты жүзеге асыру;

2) қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдар арасында тәрбие жұмысын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді пайдалана отырып ұйымдастыру;

3) ҚАЖ мекемелеріндегі дайындалу және жасалу жолындағы қылмыстар мен жазаны орындаудың және күзетпен ұстаудың белгіленген тәртібін бұзушылықты анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастыру;

**4) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен;**

5) ҚАЖ мекемелерінде режим, қадағалау, күзетті қамтамасыз ету үшін бақылауды жүзеге асыруды, сондай-ақ өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, ҚАЖ мекемелерінде өткізу режимін ұйымдастыру үшін бақылауды жүзеге асыру;

6) пробация қызметтерінің есептерінде тұрған адамдарға қатысты бас бостандығын айырумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындайды;

7) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелетін өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен.**

14. Функциялары:

1) сотталғандарға қатысты соттың үкімдері мен қаулыларын орындайды, ҚАЖ мекемелерінің күзетін, тәртіпті сақтауын және жазасын өтеу жағдайын қамтамасыз етеді;

2) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің және органдарының күзетін жүзеге асырады, ондағы жедел жағдайға бақылауды, персоналдың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігін, оларды айдауылдауды қамтамасыз етеді;

3) сотталғандарды босатуға дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыруды, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындауды, сотталғандардың түзелу қорытындыларын бекіту бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының басқа құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасады, олардың тұрмыстық және жұмыспен қамтамасыз етеді;

4) қылмыстық-атқару жүйесінде қызметті жүзеге асыратын мекемелерді, ұйымдарды құру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

5) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарды сот үкімдеріне, қаулыларына және ережелеріне сәйкес орналастыруды ұйымдастырады;

6) жазаны өтеу мен орындаудың тәртібі мен жағдайын реттейді;

7) мекемеден қашқан сотталғандарға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден бас тартқан сотталғандарға іздеу салуды жүзеге асырады;

8) пробация қызметінде есепте тұрған адамдардың тәртібін бақылау бойынша пробация қызметі мен полиция бөліністерінің өзара іс-қимылын жүзеге асырады;

9) соттың құрмет, әскери, арнайы және басқа да атақтарды, сыныптық шен, дипломатиялық дәреже және сыныптық біліктіліктерін алып қою бөлігінде үкімін орындайды;

10) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырады;

11) азаматтарды, сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды, заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды;

12) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

13) кадрлардың даярлығы мен оқуын ұйымдастырады, кадрлар тапшылығын анықтайды;

14) қарамағындағы бөлімшелерде арнайы сараптама жүргізуді және олардың басшыларын мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білімге аттестаттауды ұйымдастырады;

15) Департаментте және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінде заңдылықтың сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша өзіндік қауіпсіздік бөлімшесімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

16) сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны, сондай-ақ олардың азаптаулар мен жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістерін қолданғаны үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауаптылығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаментке жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

18) сотталғандардың жалпы және кәсіптік білім алуын ұйымдастырады;

19) сотталғандардың еңбекпен қамтылуын ұйымдастырады;

20) сотталғандар арасында теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастырады;

21) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 ; 11.03.2024 № 220 бұйрықтарымен.**

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттар сұрату және алу;

2) төтенше оқиғалар жағдайлары бойынша қызметтік тергеулер жүргізу, олардың себептерін анықтау және талдау, мұндай жағдайларды болдырмау жөнінде шаралар қабылдау;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;

4) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сот үкімімен жүктелген міндеттерді орындауды талап ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.

17. Департамент бастығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент бастығының өкілеттігі:



- 1) өзінің орынбасарларының және Департаменттің құрылымдық бөліністері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда өз құзыреті шегінде Департаменттің мүддесін білдіреді;
- 3) жазаларды орындау кезінде заңдылықтың сақталуын және адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстауды қамтамасыз етеді;
- 4) Департаментте және оның ведомствалық бағынысты бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және осы салада профилактикалық шараларды іске асырады;
- 5) Департаменттің өкілеттігі шегінде құпиялылық режимін қамтамасыз ету, жедел, режимдік, тәрбие және өзге де қызмет жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және бақылайды;
- 6) өз құзыреті шегінде Департаменттің құқық қорғау органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады;
- 7) облыстың қылмыстық-атқару жүйесі кадрларын іріктеуді, орналастыруды және оқытуды ұйымдастырады, Департаменттің, сондай-ақ жазаларды орындайтын және адамдарды ұстайтын мекемелердің жеке құрамының арасында тәрбие жұмысын, олардың тәртіпті, заңдылықты және құпиялық режимін және қызметтік даярлықты сақтауын ұйымдастырады;
- 8) берілген құқықтар шегінде еңбек заңнамасына және құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жазалар қолданады;
- 9) заңнамаға және лауазымдар номенклатурасына сәйкес жұмысқа қабылдауды жүзеге асырады, кезекті арнаулы атақ береді, тағайындау, босату, жұмыстан шығару бұйрықтарын шығарады, еңбек және қосымша демалыстар береді, белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлерін, мемлекеттік қызметшілерін және жұмыскерлерін практикалық көмек көрсету және қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметіне тексеру жүргізу, басқа да қызметтік мәселелерді шешу үшін іссапарларға жібереді;
- 10) ҚАЖ қызметіне қатысты заңға тәуелді актілерге мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және бақылайды, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 11) өтініште қойылған мәселелерді шешуге құзыретті мемлекеттік органдарға сотталғандардың өтініштерін тікелей жолдау бойынша ведомстволық бағынысты мекемелердің жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;
- 12) Департаменттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

13) қарамағындағы қызметкерлерді мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жібереді;

14) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент бастығы болмаған жағдайда оның міндеттерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен.**

20. Департамент бастығы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
22-1 қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің  
Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Бұйрық 22-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а.  
25.07.2022 № 619 бұйрығымен.**

## 1. Жалпы ережелер

1. Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі-ҚАЖ комитеті) облыс аумағындағы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелеріне басшылықты жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады. Департамент ҚАЖ мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және сотталғандарды жұмысқа орналастыру жөніндегі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287 бұйрығымен.**

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаментке егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент бастығының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Западный Пром.Узел көшесі, № 7 үй.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.03.2024 № 220 бұйрығымен.**

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2. Департаменттің негізгі міндеттері мен функциялары

13. Департаменттің негізгі міндеттері:

1) қылмыстық жазалардың орындалуын және сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды ұстауды қамтамасыз ететін мекемелерге басшылықты жүзеге асыру;

2) қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдар арасында тәрбие жұмысын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді пайдалана отырып ұйымдастыру;

3) ҚАЖ мекемелерінде дайындалып жатқан және жасалатын қылмыстар мен жазаны орындаудың және қамауда ұстаудың белгіленген тәртібін бұзушылықты анықтау, ашу, жолын кесу, алдын алу;

4) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен;

5) ҚАЖ мекемелерінде режимді, қадағалауды, күзетті қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ҚАЖ мекемелерінде өткізу режимін ұйымдастыруға бақылауды жүзеге асыру;

6) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға қатысты бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазалардың орындалуын жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелетін өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287 ; 06.09.2023 № 679 бұйрықтарымен.

14. Функциялары:

1) сотталғандарға қатысты соттың үкімдері мен қаулыларын орындайды, ҚАЖ мекемелерінің күзетін, тәртіпті сақтауын және жазасын өтеу жағдайын қамтамасыз етеді;

2) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің және органдарының күзетін жүзеге асыру, ондағы жедел жағдайға бақылауды, персоналдың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігін, оларды айдауылдауды қамтамасыз етеді;

3) сотталғандарды босатуға дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыруды, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындауды, сотталғандардың түзелу қорытындыларын бекіту бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының басқа құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен

және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасады, олардың тұрмыстық және жұмыспен қамтамасыз етеді;

4) қылмыстық-атқару жүйесінде қызметті жүзеге асыратын мекемелерді, ұйымдарды құру және тарату туралы ұсыныстар енгізуді жүзеге асырады;

5) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарды сот үкімдеріне, қаулыларына және ережелеріне сәйкес орналастыруды ұйымдастырады;

6) жазаны өтеу мен орындаудың тәртібі мен жағдайын реттейді;

7) мекемеден қашқан сотталғандарға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден бас тартқан сотталғандарға іздеу салуды жүзеге асырады;

8) пробация қызметінде есепте тұрған адамдардың тәртібін бақылау бойынша пробация қызметі мен полиция бөліністерінің өзара іс-қимыл жасасуын жүзеге асырады;

9) соттың құрмет, әскери, арнайы және басқа да атақтарды, сыныптық шен, дипломатиялық дәреже және сыныптық біліктіліктерін алып қою бөлігінде үкімін орындайды;

10) жедел-іздігіру қызметін жүзеге асырады;

11) азаматтарды, сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды, заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды;

12) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

13) кадрлардың дайындығы мен оқуын ұйымдастырады, кадрларға тапшылықты анықтайды;

14) қарамағындағы бөлімшелерде арнайы сараптама жүргізуді және олардың басшыларын мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білімге аттестаттауды ұйымдастырады;

15) Департаментте және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінде заңдылықтың сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша өзіндік қауіпсіздік бөлімшесімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, азаптау және жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістері жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны, сондай-ақ олардың азаптаулар мен жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістерін қолданғаны үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауаптылығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаментке жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

18) сотталғандардың жалпы және кәсіптік білім алуын ұйымдастырады;

19) сотталғандардың еңбекпен қамтылуын ұйымдастырады;

20) сотталғандар арасында теологиялық оналту жұмысын ұйымдастырады;

21) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287; өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679; 11.03.2024 № 220 бұйрықтарымен.**

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттар сұрату және алу;

2) төтенше оқиғалар жағдайлары бойынша қызметтік тергеулер жүргізу, олардың себептерін анықтау және талдау, осындай жағдайларды болдырмау бойынша шаралар қабылдау;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;

4) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сот үкімімен жүктелген міндеттерді орындауды талап ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.

17. Департамент бастығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент бастығының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарларының және Департаменттің құрылымдық бөліністері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда өз құзыреті шегінде Департаменттің мүддесін білдіреді;

3) жазаларды орындау кезінде заңдылықтың сақталуын және адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстауды қамтамасыз етеді;

4) Департаментте және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және осы салаларда профилактикалық шараларды іске асыруға дербес жауапты болады;

5) Департаменттің өкілеттігі шегінде құпиялылық режимін қамтамасыз ету, жедел, режимдік, тәрбие және өзге де қызмет жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және бақылайды;

6) өз құзыреті шегінде Департаменттің құқық қорғау органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады;

7) облыстың қылмыстық-атқару жүйесі кадрларын іріктеуді, орналастыруды және оқытуды ұйымдастырады, Департаменттің, сондай-ақ жазаларды орындайтын және адамдарды ұстайтын мекемелердің жеке құрамының арасында тәрбие, идеологиялық және имидждік жұмысын, тәлімгерлікті олардың тәртіпті, заңдылықты және құпиялық режимін сақтауын және қызметтік даярлығын ұйымдастырады;

8) берілген құқықтар шегінде еңбек заңнамасына және құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жаза қолданады;

9) заңнамаға және лауазымдар номенклатурасына сәйкес жұмысқа қабылдауды жүзеге асырады, кезекті арнаулы атақ береді, тағайындау, босату, жұмыстан шығару бұйрықтарын шығарады, еңбек және қосымша демалыстар береді, белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлерін, мемлекеттік қызметшілерін және жұмыскерлерін практикалық көмек көрсету және қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметіне тексеру жүргізу, басқа да қызметтік мәселелерді шешу үшін іссапарларға жібереді;

10) ҚАЖ қызметіне қатысты заңға тәуелді актілерге мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және бақылайды, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

11) өтініште қойылған мәселелерді шешуге құзыретті мемлекеттік органдарға сотталғандардың өтініштерін тікелей жолдау бойынша ведомстволық бағынысты мекемелердің жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

12) Департаменттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

13) қарамағындағы қызметкерлерді мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жібереді;

14) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287; өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрықтарымен.**

20. Департамент бастығы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
23-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің  
Ақмола облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287 бұйрығымен.**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Ақмола облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті) облыс аумағындағы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелеріне басшылықты жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады. Департамент ҚАЖ мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және сотталғандарды жұмысқа орналастыру жөніндегі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.



3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі атауымен мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаментке егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент бастығының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: индексі 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 174-үй.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Ақмола облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Департаменттің негізгі міндеттері мен функциялары**

13. Департаменттің негізгі міндеттері:

1) қылмыстық жазалардың орындалуын және сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды ұстауды қамтамасыз ететін мекемелерге басшылықты жүзеге асыру;

2) қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдар арасында тәрбие жұмысын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді пайдалана отырып ұйымдастыру;

3) ҚАЖ мекемелеріндегі дайындалу және жасалу жолындағы қылмыстар мен жазаны орындаудың және күзетпен ұстаудың белгіленген тәртібін бұзушылықты анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастыру;

4) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен;

5) ҚАЖ мекемелерінде режим, қадағалау, күзетті қамтамасыз ету үшін бақылауды жүзеге асыруды, сондай-ақ өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, ҚАЖ мекемелерінде өткізу режимін ұйымдастыру үшін бақылауды жүзеге асыру;

6) пробация қызметтерінің есептерінде тұрған адамдарға қатысты бас бостандығын айырумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындайды;

7) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелетін өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен;**

#### 14. Функциялары:

1) сотталғандарға қатысты соттың үкімдері мен қаулыларын орындайды, ҚАЖ мекемелерінің күзетін, тәртіпті сақтауын және жазасын өтеу жағдайын қамтамасыз етеді;

2) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің және органдарының күзетін жүзеге асырады, ондағы жедел жағдайға бақылауды, персоналдың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігін, оларды айдауылдауды қамтамасыз етеді;

3) сотталғандарды босатуға дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыруды, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындауды, сотталғандардың түзелу қорытындыларын бекіту бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының басқа құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасады, олардың тұрмыстық және жұмыспен қамтамасыз етеді;

4) қылмыстық-атқару жүйесінде қызметті жүзеге асыратын мекемелерді, ұйымдарды құру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

5) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарды сот үкімдеріне, қаулыларына және ережелеріне сәйкес орналастыруды ұйымдастырады;

6) жазаны өтеу мен орындаудың тәртібі мен жағдайын реттейді;

7) мекемеден қашқан сотталғандарға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден бас тартқан сотталғандарға іздеу салуды жүзеге асырады;

8) пробация қызметінде есепте тұрған адамдардың тәртібін бақылау бойынша пробация қызметі мен полиция бөліністерінің өзара іс-қимылын жүзеге асырады;

9) соттың құрмет, әскери, арнайы және басқа да атақтарды, сыныптық шен, дипломатиялық дәреже және сыныптық біліктіліктерін алып қою бөлігінде үкімін орындайды;

10) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырады;

11) азаматтарды, сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды, заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды;

12) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

13) кадрлардың даярлығы мен оқуын ұйымдастырады, кадрлар тапшылығын анықтайды;

14) қарамағындағы бөлімшелерде арнайы сараптама жүргізуді және олардың басшыларын мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білімге аттестаттауды ұйымдастырады;

15) Департаментте және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінде заңдылықтың сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша өзіндік қауіпсіздік бөлімшесімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

16) сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны, сондай-ақ олардың азаптаулар мен жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістерін қолданғаны үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауаптылығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департаментке жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

18) сотталғандардың жалпы және кәсіптік білім алуын ұйымдастырады;

19) сотталғандардың еңбекпен қамтылуын ұйымдастырады;

20) сотталғандар арасында теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастырады;

21) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 ; 11.03.2024 № 220 бұйрықтарымен.**

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттар сұрату және алу;

2) төтенше оқиғалар жағдайлары бойынша қызметтік тергеулер жүргізу, олардың себептерін анықтау және талдау, мұндай жағдайларды болдырмау жөнінде шаралар қабылдау;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;

4) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сот үкімімен жүктелген міндеттерді орындауды талап ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.

17. Департамент бастығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент бастығының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарларының және Департаменттің құрылымдық бөліністері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда өз құзыреті шегінде Департаменттің мүддесін білдіреді;

3) жазаларды орындау кезінде заңдылықтың сақталуын және адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстауды қамтамасыз етеді;

4) Департаментте және оның ведомствалық бағынысты бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және осы салада профилактикалық шараларды іске асырады;

5) Департаменттің өкілеттігі шегінде құпиялылық режимін қамтамасыз ету, жедел, режимдік, тәрбие және өзге де қызмет жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және бақылайды;

6) өз құзыреті шегінде Департаменттің құқық қорғау органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады;

7) облыстың қылмыстық-атқару жүйесі кадрларын іріктеуді, орналастыруды және оқытуды ұйымдастырады, Департаменттің, сондай-ақ жазаларды орындайтын және адамдарды ұстайтын мекемелердің жеке құрамының арасында тәрбие жұмысын, олардың тәртіпті, заңдылықты және құпиялық режимін және қызметтік даярлықты сақтауын ұйымдастырады;

8) берілген құқықтар шегінде еңбек заңнамасына және құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жазалар қолданады;

9) заңнамаға және лауазымдар номенклатурасына сәйкес жұмысқа қабылдауды жүзеге асырады, кезекті арнаулы атақ береді, тағайындау, босату, жұмыстан шығару бұйрықтарын шығарады, еңбек және қосымша демалыстар береді, белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлерін, мемлекеттік қызметшілерін және жұмыскерлерін практикалық көмек көрсету және қылмыстық-атқару жүйесі органдары

мен мекемелерінің қызметіне тексеру жүргізу, басқа да қызметтік мәселелерді шешу үшін іссапарларға жібереді;

10) ҚАЖ қызметіне қатысты заңға тәуелді актілерге мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және бақылайды, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

11) өтініште қойылған мәселелерді шешуге құзыретті мемлекеттік органдарға сотталғандардың өтініштерін тікелей жолдау бойынша ведомстволық бағынысты мекемелердің жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;

12) Департаменттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

13) қарамағындағы қызметкерлерді мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жібереді;

14) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент бастығы болмаған жағдайда оның міндеттерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.09.2023 № 679 бұйрығымен.**

20. Департамент бастығы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің  
Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.04.2023 № 287 бұйрығымен.**

**1. Жалпы ережелер**

1. Ақтөбе облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті) облыс аумағындағы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелеріне басшылықты жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады. Департамент ҚАЖ мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және сотталғандарды жұмысқа орналастыру жөніндегі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

81) Департамент бөліністері үшін кадрларды даярлауды және оқытуды ұйымдастырады, Министрліктің білім беру ұйымдарын бітірушілерді Департамент бөліністеріне жұмысқа орналастыруды жүзеге асырады;

82) қызметке, оқуға түсушілерге және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне әскери-дәрігерлік сараптама жүргізеді;

83) Департаментте және оның құрылымдық бөлімшелерінде заңдылықтың сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, азаптауды және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістерін қамтамасыз ету бойынша өзіндік қауіпсіздік бөлімшесімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

84) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, азаптау және жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістері жөніндегі жұмыстың жай-күйі үшін және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны, сондай-ақ олардың азаптаулар мен жұмыстың өзге де рұқсат етілмеген әдістерін қолданғаны үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауаптылығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

85) қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

86) мемлекеттік құпияларды сақтауды, қарамағындағы полиция органдарында құпиялылық режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

87) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерге иелік етеді;

88) бағынысты бөлімшелерде арнайы сараптама жүргізуді және олардың басшыларын мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті білімі бойынша аттестаттауды ұйымдастырады;

89) Департаментте бірыңғай мемлекеттік іс жүргізу жүйесінің жұмыс істетуін қамтамасыз етеді;

90) Департаменттің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мүдделерін соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда қорғауды және осы жұмыстарды жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;

91) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды, жолданымдарда, сұрау салуларда, жауаптар мен хабарларда жеке және заңды тұлғалар көтеретін жүйелі проблемаларды уақтылы және толық қарауды, талдауды, мониторингілеуді және анықтауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;

92) арнайы және әскери тасымалдауды ұйымдастырады;

93) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

94) Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің заңдарында, актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Құқықтары және міндеттемелері:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан заңнамада белгіленген тәртіпте ақпарат сұрату және алу;

2) Ішкі істер министрлігіне, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға жаңа нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерді кадрмен, материалдық-техникалық және қаржымен қамтамасыз ету, қызмет көрсететін аумақта заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі басқа да шараларды қабылдау туралы ұсыныстар енгізу;

3) ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді іске асыруға тікелей қатысуға, оларды құрылымдық бөлімшелердің орындауын бақылау, азаматтардың қауіпсіздік деңгейіне теріс ықпал ететін факторларды жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру ;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту;

5) құзыреті шегінде халықаралық шарттар бойынша міндеттерді орындау;

6) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге құқықтарды және міндеттемелерді жүзеге асыру.

### **3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бастық жүзеге асырады.

17. Департамент бастығы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған полиция қызметкерлерінің қатарынан, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

18. Департамент бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент бастығының өкілеттігі:

1) қарамағындағы полиция органдары мен бөліністерінің қызметін жалпы үйлестіруді қамтамасыз етеді;

2) Департаменттің құрылымы және штаты бойынша Министрлік басшылығына ұсыныстар ұсынады;

3) Департамент номенклатурасына кіретін лауазымдарға қызметкерлерді тағайындайды және босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, арнайы атақ беру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

5) Департамент қызметкерлері арасында тәрбие, идеологиялық және имидждік жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

6) Департаментте және оның құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа, азаптауға және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістеріне қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және осы салада профилактикалық шараларды іске асыруға дербес жауапты болады;

7) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

8) берілген құқықтар шегінде құқық қорғау қызметі туралы заңнамаға және еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданады;

9) қарамағындағы қызметкерлерді мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат береді;

10) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Департамент бастығы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

#### **4. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық және коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
54-1-қосымша

## **"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ**

**Ескерту. 54-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 22.11.2024 № 924 бұйрығымен.**

**2024 жыл**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Академия) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Академияның түрі: республикалық мемлекеттік мекеме.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 қазандағы № 908 қаулысымен құрылған.

4. Академия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Республикалық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ПМ) Академияны жалпы басқаруды, сондай-ақ Академияның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.

7. Академияның құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі (бұдан әрі – Министр) бекітеді.

8. Академияның толық және қысқартылған атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Республиканское государственное учреждение "Академия управления Министерства внутренних дел Республики Казахстан";

ағылшын тілінде – Republican state institution "Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Makan Yesbulatov";

қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы ПМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы" РММ;

орыс тілінде – "Алматинская академия МВД РК имени Макана Есбулатова";

ағылшын тілінде – RSI "Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan".

9. Академияның орналасқан жері: 010000, Республика Қазақстан, г. Астана, проспект Тәуелсіздік, 1.

## **2-тарау. Академияның заңды мәртебесі**

10. Академияның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Туы, дербес балансы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, нышандары, қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иемденіп ала алады және міндетті болады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

11. Академия заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. Академия ПМ-мен келісім бойынша филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

12. Академия міндеттемелері бойынша өзінің қарамағындағы қаражатпен жауап береді, қаражат жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы субсидарлық жауапкершілікте болады.

13. Академия азаматтық-құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз атынан түседі.

14. Академия міндеттемелер мен төлемдер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарлары шегінде жасасатын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады. Шарттық міндеттемелер бойынша Академияның жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академияны ұстауға арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарлары шегінде туындайды.

### **3-тарау. Академия қызметінің мәні мен мақсаттары**

15. Академия қызметінің мәні:

1) ішкі істер органдарының аға және орта басшы құрамдағы басшыларын (аудандық және облыстық бөліністердің бастықтарын) оқыту;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша ішкі істер органдары үшін кадрларды даярлау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган берген мемлекеттік лицензияларға сәйкес ПМ айқындайды;

3) ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау және арнаулы органдары үшін, сондай-ақ шет елдер үшін қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

4) құқық қорғау қызметін жетілдірудің өзекті проблемалары бойынша ғылыми қызметті жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақыты жағдайларында қажетті іс-шараларды өткізу және қамтамасыз ету;

16. Академия қызметінің мақсаттары:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) ішкі істер органдарының жоғары білікті кадрларға қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

3) ішкі істер органдары қызметкерлерінің зияткерлік және кәсіби дамуына қажеттілігін қанағаттандыру;

4) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің проблемалық мәселелерін шешудің жаңа жолдарын ғылыми әдістермен әзірлеу болып табылады.

17. Академия өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) ішкі істер органдарының қызметкерлеріне білім беру қызметтерін көрсету;

2) ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу Ішкі істер органдарының қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

3) заң шығару қызметіне қатысу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте ПМ айқындайтын ақылы қызметтер тізбесін ұсыну;

5) мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар конкурстарына қатысу;

6) ғылыми-зерттеу, білім беру және оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдармен, ғылыми, білім беру, мамандандырылған ұйымдармен және мекемелермен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау;

7) ғылыми және білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және жүзеге асыру, оның ішінде шетелдік кадрларды даярлау;

8) баспа-баспаханалық қызметті жүзеге асыру;

9) оқу процесін, ғылыми зерттеулерді, кітапхананы және Академияның өзге де қызметін цифрландыруға бағытталған бағдарламалық өнімдер мен Интернет-ресурстарды әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және дамыту;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

18. Академияның осы жарғыда бекітілген оның мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

19. Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не Академия бастығының жарғылық құзыретін бұза отырып, Академия жасаған әміле: ПМ, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не прокурор талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4-тарау. Академияны басқару**

20. Академияны жалпы басқаруды ПМ (уәкілетті орган) жүзеге асырады.

21. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Академияға мүлікті бекітеді;

2) Академия мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Академияның қаржыландыру жоспарын бекітеді;

4) Академияның Жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

5) белгіленген штат саны шегінде Академияның құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

6) Академия бастығының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босатудың негіздерін белгілейді;

7) Академия бастығының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын лауызмға тағайындайды және лауызымнан босатады;

8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

9) уәкілетті органға мемлекеттік мүлік бойынша Академияға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

10) Академияның білім беру қызметінің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жекелеген бөлімдерін әзірлеуге қатысады;

11) Академияның білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының жекелеген бөлімдерін және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеуге қатысады;

12) Академия қызметінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

13) Академияда оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) Академияда қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

15) Академияда білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16) орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, оқу басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) Академияға оқуға қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

18) Академиядағы оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындайды;

19) білім алушылардың Академияда кәсіби практикадан және тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады, әзірлейді және бекітеді;

20) Академияға ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

21) Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

22) Академияның профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына орналасу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

23) Академияның ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

24) Академияда іске асырылатын мамандықтар мен біліктіліктердің, білім беру бағдарламаларының тізбесін бекітеді;

25) Академияда білім алудың нысандары мен технологияларын айқындайды;

26) Академияда білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;



27) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Академия бастығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Министр лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

23. Академия бастығы Академияның жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Министрге тікелей бағынады және Академияға жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

24. Академия бастығы басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Академия қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын құзыретке сәйкес дербес шешеді.

25. Академия бастығы заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Академия қызметіне басшылық жасайды, өз орынбасарларының, көмекшілерінің және Академияның өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) өз құзыреті шегінде Академияның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

3) Академиядағы ішкі тәртіп ережелерін, өз орынбасарлары мен көмекшілерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, өзге де актілерді орындау үшін міндетті Академияның құрылымдық бөліністері туралы ережелерді бекітеді;

4) Академияның Ғылыми кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекітеді, оның қызметіне басшылық жасайды, сондай-ақ Академияның алқалы басқарудың басқа органдарын ұйымдастыру тәртібін бекітеді;

5) Академия атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда оның мүдделерін білдіреді;

6) Академия атынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарттар, келісімдер және келісімшарттар жасасады;

7) Академия қызметкерлері мен жұмыскерлеріне қажетті жекелеген өкілеттіктерді жүзеге асыруға сенімхат береді, қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие болады;

8) Академияның іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын және банктерде шоттар ашады;

10) белгіленген тәртіпте және өз құзыреті шегінде қызметкерлер мен жұмыскерлерді лауазымға тағайындайды, жұмысқа қабылдайды, қызмет бойынша

ауыстырады, басқа жұмысқа ауыстырады, атқаратын лауазымынан босатады және қызметтен (жұмыстан) босатады;

11) Қазақстан Республикасы ІІМ номенклатурасы бойынша өз орынбасарларын, Академияның құрылымдық бөліністерінің басқа да басшыларын лауазымға тағайындау немесе лауазымнан босату туралы ұсыныстар енгізеді;

12) Министрге білім беру, ғылыми-зерттеу және қаржы-шаруашылық қызметті жетілдіру және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді нығайту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

13) қатардағы және кіші басшы құрамның бірінші және кезекті арнаулы атақтарын, сондай-ақ полиция капитанын қоса алғанда орта басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын береді, сондай-ақ қызметкерлерге біліктілік атақтарын береді (растайды);

14) өз құзыреті шегінде Академия қызметкерлеріне, жұмыскерлеріне және білім алушыларына көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

15) қызметкерлерге (жұмыскерлерге) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді;

16) Академияның ІІМ құрылымдық бөліністерімен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарымен, мекемелермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады;

17) Академияда мемлекеттік, қызметтік құпияны және құпиялылық режимін сақтау, қажетті жұмылдыру іс-шараларын жүргізу, азаматтық қорғаныс жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

18) жеке құрам арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және ол үшін дербес жауапты болады;

19) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы ІІМ нормативтік құқықтық актілерімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

20) заңнамада көзделген тәртіппен және Академия құзыреті шегінде азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасады;

21) мемлекет өзіне берген мүліктің және Академия қызметі барысында сатып алынған мүліктің тиімді пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

22) Академияны қаржыландырудың жеке жоспарларында көзделген бюджет қаражатын уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

23) қаржылық құжаттар мен есептіліктерге қол қояды.

26. Академия қызметінің жекелеген бағыттарына Академия бастығының орынбасарлары (көмекшілері) белгіленген тәртіпте лауазымға тағайындалатын, лауазымнан босатылатын және жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша жұмысты ұйымдастырудың тиімділігі мен сапасы үшін жауапты болады және жүзеге асырады.

27. Академия бастығы болмаған кезде оның құқықтары мен міндеттерін белгіленген тәртіпте тағайындалатын орынбасары жүзеге асырады.

28. Академия бастығының бұйрығымен құрылған Ғылыми кеңес Академияның жоғары алқалы басқару органы болып табылады. Ғылыми кеңестің құрамы мен қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Министрдің және Академия бастығының бұйрықтарымен айқындалады.

29. Ғылыми кеңестің құзыретіне мыналар жатады:

1) Академияны дамыту тұжырымдамасын айқындау, Академияның оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, редакциялық-баспа қызметінің өзекті мәселелерін қарау;

2) Академия Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды талқылау;

3) Академияның құрылымы, оқу және ғылыми бөліністерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларының жобаларын, жылдық есептердің жобаларын, Академия қызметінің бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарларын талқылау;

5) оқулықтарды, оқу құралдарын және оқу-әдістемелік әзірлемелерді қарау және басып шығаруға ұсыным беру;

6) магистранттардың, докторанттардың диссертациялық зерттеулер бойынша тақырыптары мен ғылыми жетекші консультанттарын бекіту;

7) Академия басшылығының, құрылымдық бөліністер басшыларының жыл сайынғы есептерін тыңдау;

8) алқалық шешімді талап ететін Академияның ағымдағы қызметінің өзге де мәселелерін қарау болып табылады.

30. Академияда оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Академия бастығының бұйрығымен құрылған Оқу-әдістемелік кеңес жұмыс істейді. Оқу-әдістемелік кеңестің құрамы мен қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ПМ және Академия бастығының бұйрықтарымен айқындалады.

31. Оқу-әдістемелік кеңестің құзыретіне: білім беру процесін әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етуді жетілдіру, оған ғылым мен практиканың озық жетістіктерін, инновациялық және заманауи педагогикалық технологияларды енгізу, ішкі істер органдары үшін мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру сапасын жақсарту жөніндегі профессорлық-оқытушылық және оқу-көмекші құрамның қызметін үйлестіру жатады.

32. Академия бастығының бұйрығымен Академияда өзге де алқалы және консультативтік-кеңесші органдар (кеңестер, жұмыс топтары, комиссиялар, оның ішінде құпиялылық режимі бойынша, аттестаттау, тұрмыстық-тұрғын үй және басқалар) құрылуы мүмкін.

33. Академияны қызметтік және орындаушылық тәртіпті жедел басқаруға байланысты өзге де мәселелер Академия бастығы жанындағы жедел кеңестерде қаралады.

#### **5-тарау. Академияға қабылдау тәртібі**

34. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша Академия контингентін қалыптастыру ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен, қабылдау жоспарымен, Министрдің жыл сайынғы бекітілетін бұйрығымен айқындалатын мемлекеттік оқу тапсырысын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

35. Білім алушыларды Академияға ауыстыру және қайта қабылдау тек бос орындар болған кезде жүзеге асырылады.

36. Академияға оқуға қабылдау, сондай-ақ ауыстыру, қайта қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Министрдің бұйрықтарымен регламенттеледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ішкі істер органдарының қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ІІМ-нің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қабылданады.

Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ішкі істер органдарының қызметкерлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, арнаулы мемлекеттік және басқа да құқық қорғау органдарының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітілетін жоспар-кестелер негізінде жіберіледі.

37. Академияға оқуға қабылдау комиссиясының отырысында түсу емтихандарын тапсыру нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

38. Білім алушыларды ЖОО-дан Академияның бос орындарына ауыстыру ІІМ арнаулы оқу орындарына ауысу қағидаларының талаптарына сәйкес келген кезде ІІМ шешімімен жазғы демалыс кезеңінде конкурстық негізде жүзеге асырылады.

39. Білім алушыларды қайта қабылдау Академия бастығының бұйрығымен аумақтық полиция департаменті немесе қылмыстық-атқару жүйесі басшысының өтінішхаты негізінде қайта қабылданатын білім алушыны жұмысқа орналастыру кепілдігімен жүзеге асырылады.

40. Ішкі істер органдарына қызметке кіретін адамдар үшін бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу тәртібі және оны өткеру шарттары, сондай-ақ оларды оқудан шығару негіздері Министрдің бұйрығымен регламенттеледі.

#### **6-тарау. Академияның білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі**

41. Академияның білім беру процесі мен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, Министрдің және Академия бастығының бұйрықтарымен реттеледі.

42. Оқу процесін ұйымдастыру Академияның академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

43. Білім беру бағдарламалары күндізгі оқыту нысаны бойынша, сондай-ақ қашықтықтан оқыту шеңберінде іске асырылады.

44. Білім беру бағдарламалары мемлекеттік, орыс тілдерінде іске асырылады, сондай-ақ ағылшын тілінде жүзеге асырылуы мүмкін.

45. Академиядағы магистранттар және докторанттар үшін оқу жылы академиялық күнтізбеге сәйкес басталады және нақты даярлау бағыты бойынша даярлаудың оқу жоспарына сәйкес аяқталады. Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестрлерден) тұрады.

46. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарын өткізу мерзімдері Министрдің бұйрығымен бекітілетін жоспар-кестеге сәйкес белгіленеді.

47. Оқу сабақтары оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жасалған кесте бойынша өткізіледі. Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты кемінде 40 минутты құрайды.

48. Білім алушылардың оқу жүктемесі академиялық сағаттың ұзақтығымен және оқу жұмысының барлық түрлері бойынша оқу сағатының көлемімен анықталады.

49. Күндізгі және қашықтықтан оқыту бойынша емтихан сессиялары, олардың кезеңдері мен оқу жылындағы саны Академияның ғылыми кеңесімен бекітіледі.

50. Кәсіптік практика (тағылымдама) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган министрінің бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырылады және өткізіледі. Практиканың түрлері, мерзімдері және мазмұны оқу жоспарларымен және кәсіптік бағдарламаларымен анықталады.

51. Академияда оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан өткен адамдарға мемлекеттік үлгідегі білімі туралы тиісті құжат беріледі.

## **7-тарау. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды Академияда өткізудің нысандарды және тәртібі**

52. Академиядағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, оларды өткізу нысандары мен тәртібі ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның, Министрдің және Академия бастығының бұйрықтарымен регламенттеледі және Академияның академиялық саясаты негізінде өткізіледі.

53. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтар кезінде білім сапасын бақылауды қамтиды.

54. Білім алушыларды емтихандар тапсыру нысанында аралық аттестаттау жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттауды өткізу кезінде білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесіне сәйкес емтиханда алынған балдар және рейтинг-рұқсат (модуль) бағалары ескеріледі.

55. Оқу жылының қорытындысы бойынша үлгерімнің орташа балын (GPA) есептейді, ол көшіру балы болып табылады және білім алушыларды курстан курсқа көшіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Келесі курсқа көшіру үшін GPA ең төменгі көшіру балының мәнін Академияның Академиялық саясаты анықтайды.

56. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау ұзақтығы мен мерзімі академиялық саясатта, академиялық күнтізбеде және даярлау бағыттарының жұмыс оқу жоспарларында көзделген нысандар бойынша өткізіледі.

57. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін оқытудың барлық нысандары үшін даярлаудың әрбір бағыты бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылады.

58. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері Академияның Академиялық саясатына сәйкес білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

59. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері, оларды Академиядан шығару негіздері мен тәртібі, сондай-ақ Академияның білім алушылармен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі нормативтік құқықтық актілерде, осы Жарғыда, ішкі тәртіп қағидаларында және білім беру қызметтерін көрсету шартында (келісімшартында) айқындалады.

## **9-тарау. Академияның тұрақты және ауыспалы құрамы**

60. Академияның жеке құрамы тұрақты және ауыспалы құрамға бөлінеді.

61. Академияның тұрақты құрамына ішкі істер органдарына қызметке қабылданған және қатардағы, кіші, орта және аға басшы құрам лауазымдарына тағайындалған адамдар, сондай-ақ лауазымдары ІІМ бұйрығымен бекітілетін штаттарда көзделген жұмыскерлер жатады.

62. Академияның тұрақты құрамы:

1) Ғылыми кеңесті (Академияның басқа кеңестері мен комиссияларын) сайлауға және сайлануға, олардың жұмысына қатысуға;

2) Академия қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға және шешуге қатысуға;

3) кітапханалардың, ақпараттық қорлардың қызметтерін пайдалануға;

4) өзінің кәсіби қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

63. Академияның тұрақты құрамы:

- 1) Осы Жарғының талаптарын сақтауға;
- 2) білім алушылардың кәсіби, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесін жүзеге асыруға, олардың ішкі тәртіп пен қызметтік тәртіп қағидаларын
- 3) ұсынылатын білім беру қызметтерінің және жүргізілетін ғылыми зерттеулердің сапасын қамтамасыз етуге;
- 4) білім алушылардың таңдаған дайындық бағыты бойынша кәсіби қасиеттерін, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға;
- 5) өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіруге;
- 6) білім алушылар үшін қызметтік (кәсіби борышын мінсіз орындаудың, тәртіптің, еңбекке шығармашылық көзқарастың, жоғары мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі болуға;
- 7) мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қатаң сақтауға;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі тәртіп қағидаларының, Академияның басқа да нормативтік актілерінің, тікелей бастықтардың бұйрықтары мен өкімдерінің талаптарын сақтауға міндетті.

64. Академияның ауыспалы құрамына білім алушылардың барлық санаттары кіреді.

65. Академияда білім алушылар:

- 1) тиісті даярлау бағыты бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім алуға;
- 2) оқу процесін, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмысын жетілдіру, үлгерімді, тәртіпті және тұрмысты жақсарту мәселелерін шешуге қатысуға;
- 3) Академияның қоғамдық өміріне, спорт секцияларының, көркемөнерпаздар ұжымдарының және шығармашылықтың басқа да түрлерінің жұмысына қатысуға;
- 4) белгіленген тәртіпте Академияның ақпараттық қорларын, интернет ресурстарын, кітапханаларын, Академияның оқу, ғылыми және өзге де бөліністерінің қызметтерін пайдалануға;
- 5) Академияның оқу, ғылыми-зерттеу жұмысындағы жетістіктері және қоғамдық қызметіне белсенді қатысқаны үшін көтермеленуге;
- 6) қолданыстағы заңнамада, Министрдің және Академия бастығының бұйрықтарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

66. Білім алушылар:

- 1) Осы Жарғының, ішкі тәртіп қағидаларының және Академияның басқа да нормативтік актілерінің талаптарын сақтауға;
- 2) даярлаудың тиісті бағыты бойынша теориялық білімді, кәсіби дағдыларды және іскерлікті меңгеруге, оқу жоспарын, көзделген барлық оқу тапсырмаларын орындауға, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға, ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуге;

- 3) білім және кәсіби деңгейін, жалпы мәдениетін арттыруға;
- 4) ғылыми және құқықтық білімді насихаттауға, сондай-ақ Академия өткізетін қоғамдық іс-шараларға қатысуға;
- 5) Академияның мүлкіне, үй-жайларына, жабдықтарына, музей және кітапхана қорларына ұқыпты қарауға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академияға келтірілген материалдық залал үшін жауапты болуға;
- 6) қауіпсіздік техникасы қағидаларын, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және санитария талаптарын сақтауға;
- 7) мемлекеттік және қызметтік құпияны қатаң сақтауға;
- 8) академиялық адалдық қағидатын сақтауға;
- 9) ішкі істер органдарының қызметкерлеріне жүктелетін өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **10-тарау. Академияда білім алушыларды оқудан шығару негіздері мен тәртібі**

### **67. Білім алушылар:**

- 1) өз қалауы бойынша, оның ішінде басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 2) Қазақстан Республикасы ІІМ әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларына сәйкес академиялық үлгермегені үшін;
- 3) тәртіпті бұзғаны, "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, осы Жарғыда, ішкі тәртіп қағидаларында және білім алушы қызметкерлерді жұмыстан шығарудың өзге де негіздерінде көзделген талаптарды орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін;
- 4) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес адамды құқық қорғау қызметіне қабылдауға болмайтын өмірбаяндық сипаттағы мәліметтерді ұсынбағаны немесе бұрмалағаны үшін;
- 5) денсаулық жағдайы бойынша әскери-дәрігерлік комиссияның қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытындысы негізінде Академиядан шығарылуы мүмкін.

68. Білім алушыларды оқудан шығару факультеттің, оқу-саптық бөліністің және кадр қызметінің қорытындысы негізінде Академия бастығының бұйрығымен ресімделеді.

69. Білім алушы Академиядан шығарылған кезде оған оқығаны туралы транскрипт беріледі. Оқудан шығарылған адам мемлекет жұмсаған бюджет қаражатын толық өтеуі және Академия алдындағы барлық міндеттемелерді орындауға тиіс. Ұсталатын сома Академияда болған әрбір толық ай үшін пропорционалды түрде есептеледі.

## **11- тарау. Академияның ақылы қызметтер көрсетуінің тізбесі мен тәртібі**



70. Академия Қазақстан Республикасының ІІМ бекітетін қағидаларға сәйкес ақылы қызмет түрлерін көрсетуді жүзеге асыруға құқылы.

71. Академия мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы келісімшарт жасасу арқылы мына тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде ұсынады:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- 2) кәсіби білім беруді ұйымдастыру;
- 3) ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 4) оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және (немесе) өткізу.

72. Академия ғимараттарда көрінетін жерде ұсынылатын ақылы қызметтер түрлерінің тізбесі мен ұсынылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) баға прейскурантын көрсете отырып ақпарат орналастырады.

73. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) төлеу қолма-қол ақша алу арқылы кассалық кіріс ордерлерінің негізінде міндетті түрде бақылаукассалық машиналарды қолдана отырып және Академия шотына ақша аудару жолымен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу негізінде жүргізіледі.

74. Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша қызметтің ақылы түрлерін көрсетуден түсетін қаражаты бюджетті жоспарлау саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілетін Академияның тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақша жұмсау жоспарларына сәйкес жұмсалады.

75. Академия ақылы қызмет түрлерін көрсетуді Қазақстан Республикасының ІІМ бұйрығымен бекітілетін тауарларға, жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) бағаларға сәйкес жүзеге асырады.

## **12-тарау. Академияның ғылыми және халықаралық қызметі**

76. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасында, Министр мен Академия бастығының бұйрықтарында белгіленген тәртіпте ғылыми-білім беру қызметін үйлестіруді, мониторингтеуді және бағалауды жүзеге асырады.

77. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен, шетелдік білім беру және ғылыми-зерттеу мекемелерімен, халықаралық ұйымдармен, шетелдік заңды және жеке тұлғалармен ғылыми және білім беру қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

78. Академия ғылыми қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

79. Ғылыми қызметті курсанттарды, магистранттарды, докторанттарды басқа да ғылыми және практикалық қызметкерлерді тарта отырып, профессороқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер жүзеге асырады.

80. Академияның ғылыми қызметінің негізгі міндеттері:

- 1) Академияда білім беру процесі мен ғылыми қызметтің бірлігін қамтамасыз ету;
- 2) ішкі істер органдарының практикалық қызметінің міндеттерін шешуге бағытталған іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;
- 3) Академияның оқу, ғылыми-зерттеу базасын нығайту және дамыту;
- 4) ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін білім беру процесіне, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының практикалық қызметіне енгізу, оларды авторлық сүйемелдеу;
- 5) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және рецензиялауға (сараптамаға) қатысу;
- 6) білім алушылардың оқу-ғылыми қызметін ұйымдастыру, ғылымпедагогикалық және ғылыми кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

81. Академияның нормативтік актілері негізінде әрекет ететін білім алушылардың ғылыми қоғамдарының қызметін, оларды институттар, факультеттер, кафедралар және т.б. жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуды ұйымдастырады.

82. Академияда жоспарлы және жоспардан тыс негізде жүзеге асырылатын редакциялық-баспа қызметі қолжазбаларды баспаға дейінгі даярлауды, әдебиеттерді басып шығаруды, полиграфиялық қызметті қамтиды.

83. Академияның редакциялық-баспа қызметінің негізгі міндеттері:

1) оқулықтарды, монографияларды, оқу құралдарын, дәрістерді, ғылыми еңбектер жинақтарын, конференциялар, кеңестер материалдарын, қызметтік құжаттаманы, сондай-ақ анықтамалық, ақпараттық, талдамалық және полиграфиялық өнімнің басқа да түрлерін дайындау және басып шығару;

2) білім беру процесін қажетті оқу-әдістемелік және оқу материалдарымен қамтамасыз ету;

3) Академия басылымдарын білім беру мекемелерінде және ішкі істер органдарында насихаттау және тарату.

84. Білім беру процесі мен ғылыми қызметті ғылыми-ақпараттық қамтамасыз ету функцияларын Академияның құрылымдық бөліністері олар туралы ережелерге және олардың қызмет қағидаларына сәйкес орындайды.

85. Академиядағы ғылыми-ақпараттық қызмет мыналарды қамтиды:

1) ғылыми-педагогикалық құрам мен білім алушылардың ақпараттық қажеттіліктерін зерделеу, білім беру процесінде және ғылыми қызметте қажетті материалдарды қамтитын анықтамалық-ақпараттық қорды жинақтау;

2) қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесі мен ғылыми-зерттеу қызметін ақпараттық қамтамасыз ету.

### **13-тарау. Академияның мүлкін құру тәртібі**

86. Академия мүлкінің құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Академияның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

87. Академияның өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

88. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында Академияға табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, осындай қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

89. Академияның қызметі республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

90. Академия бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есеп ұсынады.

91. Академияның қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

### **14-тарау. Академиядағы жұмыс режимі**

92. Академияның жұмыс режимі "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді.

### **15-тарау. Академия Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

93. Академияның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Министрдің бұйрығымен жүргізіледі және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

### **16-тарау. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

94. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

95. ИМ Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырады.

96. Таратылған Академияның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

97. Таратылған Академияның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
55-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 24.01.2022 № 18 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
56-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. 56-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.11.2020 № 805 бұйрығымен**

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 662 бұйрығына  
57-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ 2024 жыл**

**Ескерту. Бұйрық 57-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2024 № 446 бұйрығымен.**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Академия) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Академияның түрі: республикалық мемлекеттік мекеме.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 01 маусымдағы № 675 қаулысымен құрылған.

Академия "Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1009 қаулысына сәйкес "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясы" мемлекеттік мекемесінің мирасқоры болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 79 қаулысымен "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесіне Мақан Есболатовтың есімі берілді.

4. Академия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ИМ) Академияны жалпы басқаруды, сондай-ақ Академияның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.

7. Академияның құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі (бұдан әрі – Министр) бекітеді.

8. Академияның толық және қысқартылған атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Республиканское государственное учреждение "Алматинская академия Министерства внутренних дел Республики Казахстан имени Макана Есбулатова";

ағылшын тілінде – Republican state institution "Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Makan Yesbulatov";

қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы" РММ;

орыс тілінде – "Алматинская академия МВД РК имени Макана Есбулатова";  
ағылшын тілінде – RSI "Almaty Academy of MIA of the RK named after Makan Yesbulatov".

9. Академияның орналасқан жері: 050060, Алматы көшесі., Өтепов көшесі, 29.

## **2-тарау. Академияның заңды мәртебесі**

10. Академияның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Туы, дербес балансы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, нышандары, қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иемденіп ала алады және міндетті болады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

11. Академия заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. Академия ПМ-мен келісім бойынша филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

12. Академия міндеттемелері бойынша өзінің қарамағындағы қаражатпен жауап береді, қаражат жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы субсидарлық жауаптылықта болады.

13. Академия азаматтық-құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз атынан түседі.

14. Академия міндеттемелер мен төлемдер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарлары шегінде жасасатын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады. Шарттық міндеттемелер бойынша Академияның жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академияны ұстауға арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарлары шегінде туындайды.

## **3-тарау. Академия қызметінің мәні мен мақсаттары**

15. Академия қызметінің мәні:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша ішкі істер органдары үшін кадрларды даярлау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган берген мемлекеттік лицензияларға сәйкес ПМ айқындайды;

2) ішкі істер органдарына алғаш рет қызметке тұратын адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлау;

3) ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау және арнаулы органдары үшін, сондай-ақ шет елдер үшін қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

4) құқық қорғау қызметін жетілдірудің өзекті проблемалары бойынша ғылыми қызметті жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақыты жағдайларында қажетті іс-шараларды өткізу және қамтамасыз ету;

16. Академия қызметінің мақсаттары:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) ішкі істер органдарының жоғары білікті кадрларға қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

3) ішкі істер органдары қызметкерлерінің зияткерлік және кәсіби дамуына қажеттілігін қанағаттандыру;

4) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің проблемалық мәселелерін шешудің жаңа жолдарын ғылыми әдістермен әзірлеу болып табылады.

17. Академия өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

